

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ
ӘЖИНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**



**ТҮРКИ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТИ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТИ КАФЕДРАСЫ**

5111305-«Қазақ тілі және әдебиеті» бакалавриат білім бағыты

**БЕКМУРАТОВА САНЕГУЛДІҢ
БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ**

**Тақырыбы: Ақын- жазушылардың өмірбаянын,
шығармашылық жолын оқыту**

СТУДЕНТ: Бекмуратова Санегул
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ: ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева
КАФЕДРА БАСТЫҒЫ: ф.ғ.ф.д.(PhD)Ы.Куттымуратова

Кафедра мәжілісінің 2021-жыл ____ №__ протоколы мен қорғауға рұхсат
берілді

НӨКІС – 2021

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы
мәжілісінің 2021 жыл ____№ _____санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Түркі тілдер факультеті

деканы:

ф.ғ.к. доц. Б.Давлетов

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Ы.Қуттымуратова

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

Бекмуратова Санегулдің «Ақын- жазушылардың өмірбаянын,
шығармашылық жолын оқыту» тақырыбындағы бітіру мамандық
жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен

« ____ » (_____ %) қойылсын.

« ____ » _____ 2021 жыл

МАК хаткері:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы _____ 4-6

Кіріспе _____ 7-14

I ТАРАУ

Абай өмірбаянын хабарлама күйінде өту _____ 15-37

II ТАРАУ

1. Абай өмірін шығармаларын талдау арқылы түсіндіру _____ 38-55

2. Абай Құнанбаев қарасөздерін оқытудың жолдары _____ 56-59

Қорытынды _____ 60-64

Пайдаланған әдебиеттер _____ 65

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың көкейтестілігі. Көркем әдебиетті оқыту әрі танытуда ең басты жұмыс түрлерінің бірі-ақын-жазушылардың өмірбаянын өту болып табылады. Себебі, ақын-жазушылардың өмірбаянын өту оқушылардың білім көлемін тереңдетеді. Ақын-жазушылардың өмірбаянын өту ойды дамытады, оқушының әдебиетке болған көзқарасын қалыптастырады. Дербес ойлауы мен сөйлеуін реттейді. Ақындардың өмірбаянын өлеңдерімен педтехнология негізінде байланыстырып өту әрбір шәкіртті терең білімділікке, шынайы сауаттылыққа, талғампаздыққа, дұрыс пікір жүргізе білуге үйретеді. Білім мен тәрбие берудің бүгінгі талабы мен шарты мұғалімдерден сапалы білімді үлкен мәселе ретінде талап етеді.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Өмірбаяндық материалдарды өтудегі мақсат – сөз болып отырған қоғамдық әдеби құбылыстың және жазушы туындыларының ішкі сыр – сипатын ашып көрсету болып табылады. Жастарымызды рухи жақтан жетіліскен, ой ауқымы кең, Отансүйгіш, білімді де тәрбиелі етіп өсіру және де осы игі іске келтіретін оқытушыларымызды да жан-жақты кемелдендіру қажеттігі көрінеді.

Жұмысымызда бұрынғы танылған методикалық еңбектерді үйрене отырып, әрбір шығарманың табиғаты мен тәлімдік негізіне қарай жаңа заман тұрғысынан жаңаша жандасу, педтехнология негізінде үйрету арқылы жұмыс алып бармақшымыз.

Зерттеу объектісі мен предметі. Көркем әдебиетті оқыту әдістемесінде көрнекті ақын Абай Құнанбаевтың өмірін оқушыларға терең де мазмұнды танытудың маңызы ерекше екені айтылады. Оқушы ол арқылы қаламгерлердің өмір сүрген дәуір сипатын, өмірінің маңызды кезеңдерін біліп, шығармаларының тақырыбы мен идеалық-көркемдік ерекшелігін жете түсініп, талдай білетін болады.

Зерттеу әдісі. Дәлелдеу, талдау, қорытындылау, сұрақ-жауап, салыстырмалы әдіспен қарастыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ақынның өмірі туралы құрастырылған әңгіме түрін қолдансақ – орта буын оқушылар үшін ғылыми тұрғыда жаңалық, әрі өтілетін тақырыптың тарихи жағын алады, оқушыға жаттанды нәрселер қайталамайды, яғни жазушының туған, өскен жерлерін санамалап жатуды қажет етпейді. Қазақ әдебиетін оқытудың методикалық құралдарында мұндай өмірбаяндық материалдарды іріктеп табу – мұғалімдердің өздеріне жүктеледі. Ондай материалдарды ақын-жазушылардың өмірбаяны жөнінде жазылған еңбектерден алу ұсынылады. Ақын өмірбаянын оқытуды жаңа педтехнологиямен талдау, бағдарлау жұмыс жаңалығы болмақ.

Жұмыстың практикалық маңызы. Бітіру жұмысының практикалық маңызы мен алға ұсынысы төмендегіше. Мектеп оқушысы ақынның өмір сүрген дәуір сипатын, өмірінің маңызды кезеңдерін біліп, шығармаларының тақырыбы мен идеалық-көркемдік ерекшелігін жете түсініп, бағалай білетін болады. Сондықтан мұндай тақырыптарды өткенде қосымша материалдар дайындап алып, көрнекіліктер жасап түсіндіруге ерекше мән берілгені мақұл.

Көркем шығармадағы кейіпкер сыры ақынның өмір тәжірибесіне тығыз байланысты екенін ашу керек. Әдебиетте әрбір таланттың өзінің өмір тарихы, қиын да қызықты шығармашылық жасы болады. Ақынның өміріне байланысты ерекшеліктерін түсінсе ғана, оқушы оның шығармаларының сырына терең үңіле алады.

Жұмыстың құрылысы: Бітіру мамандық жұмысында жоспардағы ізбе-ізділік сақталған. Жұмыс кіріспе негізгі екі тарау, қорытынды, пайдаланған әдебиеттерден тұрады. Бірінші тарауда ақын-жазушылардың өмірбаянын әңгімелегенде оның өмір сүрген кезеңіне байланысты тарихи-әлеуметтік жағдай, туып өскен ортасы, жасаған қоғамының ортамен қарым-

қатынасы сияқты тарихи мәліметтер хабарлама күйінде берілген.Екінші тарауда ұлы ақын өмірін өлеңдері мен қарасөздеріне байланыстыра үйрету жолын айтып өткен. Жұмыста басы артық сөздер жоқ, талапқа сай жақсы орындалған.

Ғылыми басшы:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

Студент:

Бекмуратова Санегул

КІРІСПЕ

«Өтіп жатырған әрбір күн, тыныштық білмес уақыт бізді жаңа ғасырға жетектейді. Өмірдің әр түрлі салаларындағы жағдай, өмір тіршілігінде күнделікті өмірге кіргізіліп жатырған қайта құруларымыздың нәтижелілігі алдымен халық рухилығының тіктелуінен, бай тарихи мұрамыздың кең түрде игерілуі, дәстүрлеріміздің сақталуы, мәдениет пен өнер, ғылым және тәлім дамуымен тікелей байланысты екені аян.

Кадрлар дайындау бойынша ұлттық дәстүрді өмірге енгізу, тұрмысқа ен жайдыру, стратегиялық мақсаттарымыз – бейбіт, күдіретті, демократиялық мемлекет, еркін бұқаралық қоғамды құруымыздың негізі болуы қажет. Себебі, жастармен қызметтес болу мәселелері ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Біз мемлекетіміздің келешегі, жастарымыздың қандай тәрбие алуына, рухи жақтан қалай жетіскендігіне, перзенттеріміздің өмірге қандай қатынаста болуына, қандай жоғары мақсаттарға қызмет қылуына байланысты екендігін ұмытпауымыз қажет.

Біздің бүгінгі еңбегімізге қандай баға берілуі де дәл соған байланысты.

Перзенттеріміздің рухи дүниесі үшін, олардың рухи жақтан жетік, физикалық жақтан мықты болуы үшін күресуіміз қажет. Жаңа оқулықтар, заманагөй педагогикалық және ақпарат технологияларын өз уақытында істеп шығуды қамтамасыз етуге, жоғары білімді педагог кадрлар дайындау және қайта дайындауға көңіл аударуымыз қажет. Себебі, кадрлар дайындаудың сыпаты, еркін пікір жүргізуші жеке адамды тәрбиелеп шығару ертеңгі күнде мектептер мен оқу орындарында кімдер сабақ берулеріне байланысты. Оқушылардың жан-жақты оқуына қолайлы, заман талабына сай оқулықтар жасау әлі де баяу алып барылуда.

Ұлттық әдебиет үлгілерін әлем әдебиеттануының ең жаңа ғылыми-теориялық концепциялары негізінде үйрену, әсіресе қазақ романдарындағы көркем сөз түрлерін анализдеу поэтикалық мәтін композициясы және

стильдік ерекшеліктері жайлы жаңа қорытындылар шығару мүмкіндіктерін береді.

«Қазіргі уақытта бәріміздің алдымызда айрықша маңызға ие болған мәселе, яғни кітапқұмарлықты кеңінен насихаттау және жастарымыздың кітапқа махаббатын, олардың рухани иммунитетін арттыратын жұмыстарымызды жаңа басқышқа алып шығу міндеті тұр¹». Әрине, бұл көркем әдебиеттің өте маңызды қоғамдық міндетті атқарушы жәдігерліктер жүйесі екендігін көрсетеді.

Осыған байланысты тәлім саласында бірқанша өзгерістер көрініс бергендігі анық. Мұның бәрі де тәуелсіздік алу арқасында болып жатыр.

«Тәуелсіздік – ұлт арманы, өзінің даму жолын өзі таңдау хұқықы, мақсаттардың тұрмысқа асуы». Мәселен: «Әрекет жоқ жерде күшті білім пайдасыз, әрекетсіз білім жіпсіз оқ» (Аз-Замахшарий), «Алдымен біз балаларымызға үйретеміз, соң олардан өзіміз үйренеміз. Кім мұны мақұл көрмесе, өз дәуірінен артта қалады»² (Я.Райнис) – деген.

Демек, білімді әрі кемелденген адам келешек тірегі. Осыған сай ұлттық дәстүріміздің мақсаты рухилық және ағартушылық тарауын ескі идеологияластырылған саясаттан бас тартып ұлттық жүйені және жоғары деңгейдегі зиялы педагогтарды дайындау демократияласқан мемлекеттер қатарында болып рухи және әдеп инабатты талапқа сай жауап беруі тиіс.

1997 жылы 29 – тамыз күні қабылданған «Білімдендіру заңы» мен «Кадрларды дайындаудың ұлттық бағдарламасы» еліміздің тірегі, әрі негізгі жастарымыздың әр жақты дамуын, жетілісуін көздеп, академиялық лицейлер, кәсіп-өнер колледждерін құруды басты мақсат етіп қойды. Сонымен, жастарымызға терең, нақты білім беретін білімді, рухи кемелденген ұстаздарды (педагог) дайындау да негізгі мақсаттардың бірі болып қалады.

¹ Мирзиёев Ш. Танқидий таҳлил, қатъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалик қондаси бўлиши керак. – Тошкент: Ўзбекистон, 2017. – 47 б.

² Сонда, 61-бет.

«Кадрларды дайындаудың ұлттық бағдарламасы» мен «Білімдендіру заңы» білімдендіру саласына жаңа педагогикалық технологияны енгізу мәселесін мақсат етіп қойды. Сондықтан да қазіргі кезде актуалды әрі маңызды мәселе – педагогикалық технологияның мазмұны мен құрылысын ашу.

«Педагогикалық технологиялар: когнитивтік, эвристикалық, креативтік және тағы басқа түрлері бар. Бұлардың бәрі де бір мақсат үшін қызмет етеді»³. Педагогикалық технология бір неше блоктан тұрады

Оқытушы өзінде бар білімін оқушыға қалай әрі тез, әрі нақты, әрі терең, әрі мемлекеттік талап көлемінде жеткізе алады?» - деген сұраққа жауап ретінде жаңа технология мәселесі көтерілді. Ал, енді сол жаңа технология жайлы қысқаша мәлімет.

«Қоғамның әрбір бұқарасы жаңа ғасырда жасап жатыр екен, өткен жылдарды бағалауға және келешек өмірдің түрлі жақтарын белгілеп алуға ұмтылулары табиғи. Тәлім саласындағылар да бұдан кенде емес. Ғылыми-техникалық даму тек қана істеп шығарудың көп санды тармақтарына, бәлкім мәдениет саласына, әлеуметтік-гуманитар білімдер негізіне және технологияларды пайдалану мәселесі көтерілуде. Сол негізден соңғы он жылдықтарда педагог ғалымдар назарын аударған мәселелердің бірі – педагогикалық технология болып есептеледі.

Бұл мәселеге қызығудың артқандығын төмендегіше түсіндіруге болады:

- ғалымдардың педагогикадағы «заманагөй бағытталу» деген дәстүри көзқарастары және өз мүмкіндіктері айналасында жаңаша материалды үйретуге қол созуы.

- басқа топ тараптары тәлімнің бүгінгі жағдайын қайғырды және оны сол жағдайдан құтқарушы күш технологияластыру деп қарайды.

³ «Устаз» газетасы. – Нөкис, 2000, 18-май.

- үшінші топ ғалымдар технологияластыруды объектив беталыс деп, жаңаша сана мәселелерін шешу үшін тәлімді эволюцион басқышқа көтеру шарттарынан бірі екендігін белгілейді.

Демек, педагогикалық технология даму жолынан бара жатқан мемлекеттердің тәлім саласындағы саясатының бас міндеті болып табылады. Бұл ЮНЕСКО тарапынан да мақұлданды»⁴.

Президентіміз тарапынан тәлімнің ұлттық моделі жаратылды және оны жүзеге шығару басқыштары жан-жақты ғылыми негізделіп берілді. Оның екінші және үшінші басқышында «Оқу – тәрбие беталысын педагогикалық технологиялар менен қамтамасыз ету» күрделі мәселелердің бірі екендігі көрсетілді.

Ал, педагогикалық технология деген не? Оның ғылыми негізінде қандай теориялар жатады?

Алғаш «технология» түсінігі жайлы сөз етейік. Бұл сөз ғылымға 1872 жылы кіріп келді, грекше «технос» - өнер және «логос» - ғылым сөздерінен құралып, «өнер ғылымы» дегенді аңдатады. Бірақ, бұл түсінік заманағөй технологиялық беталысты толық ашып бере алмайды. Бұны тақырып негізіне (пән) өзгертуге болады.

Демек, педагогикалық технология – оқытушы (тәрбиеші) тарапынан оқыту құралдары жәрдемінде оқушыларға әсер жасау және бұл қызмет нәтижесі ретінде алдын белгіленіп алынған жеке адам белгілерін қалыптастыру беталысы десек қателеспейміз. 80-жылдарда В.П.Беспалько тарапынан педагогикалық технологияның ғылыми мектебі жаратылды. Теория және практика бірлігінің қамтамасыз етілуі педагогикалық технологияның шеберлігін анықтауға жол ашады.

Жетпісінші жылдарда бұл түсінік мазмұны шет ел педагогикалық басылымдарында АҚШ, Япония, Англия, Венгрия және халықаралық конференцияларда кең түрде талқыланады және оның ғылыми нәтижесіне

⁴ «Халқ табыми» журнал. –Тошкент, 1999, №1, 98-бет.

қарай екі бағыты көрсетіледі: 1. Педагогикалық технологияның «оқытудың технологиялық құралдарын қолдау ретінде белгілесе М.Кларк, Ховриди – ұлы Британия, К.Чедуик, Д.Фини – АҚШ, С.Г.Шаповаленко, - Россия 1, 2 – бағытта «оқу беталысы технологиясы» ретінде қаралды. Т.Самакото – Япония, К.Бруслинг – Швеция, Т.А.Ильина – Россия 2. Бұл пікірлерде педагогикалық технология оқу беталысын белгіленген тәлім мақсаты және мазмұнынан келіп шығып жоспарлау деген түсінік келіп шығады. Бұл бір жағынан дұрыс, бірақ тереңнен пікірлесек, оның бір жақындығы бірден көзге түседі, немесе мұндай көзқараста оқушы бекерленіп отырады. Бұл кемшілікті бірінші болып В.П.Беспалько байқады және өзінің алғашқы шығармасында «Педагогикалық технология – бұл оқушы шеберлігіне байланысты болмаған түрде педагогикалық жетіскендікті кепілдей алатын оқушының қалыптастыру жоспары болып табылады», - деп жазады. Педагогикалық технология осылай кемелдене бастайды.

Біздің пікірімізше, педагогикалық технологияны педагогика пәнінің бөлек тармағы ретінде немесе тек қана тәлім практикасын дамытуға қаратылған тізім деп қарау мүмкін емес. Педагогикалық технология саласындағы теориялық және практикалық ізденулерді бір жерге топтастыру айналасындағы қызмет бағыттарын анықтайды. Бұл жерде ізденудің шеберлігі – педагогикалық тізімді пайда етуші элементтерді үйрену негізінде жаңалаудан тұрады. Себебі, әр қандай оқу – тәрбие беталасын пайда ету анау немесе мынау педагогик тізімді жаратады.

Демек, педагогикалық технология – практикаға ен жайдыру мүмкін болған белгілі практикалық тізімнің жоспары.

Педагогикалық технология жайлы сөз етілгендіктен соның негізінде құралған педагогикалық тізім жайлы мәлімет беріп өтейік. Себебі, бұл тізім тақырыбымызды түсініктеме ретінде анықтайды.


«Педагогикалық тізім неден тұрады? Педагогикалық тізім өзара байланысты болған құралдар, тәсілдер және процесстер жиындысы болып,

және адамдағы сипаттарды қалыптастыруда педагогикалық ықпал жасауды мақсатқа сай түрде амалға асырады. Сондай-ақ, әрбір қоғамды жеке адамды қалыптастыру мақсаты белгіленеді және оған сай түрде педагогикалық тізім жасалуы қажет. Егер мақсат өзгерсе, тізім де өзгеруі сөзсіз. Барша тәлім түрлері үшін жалпы тең болған педагогикалық тізім мазмұнын келтіреміз.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу істерінің қорытындылары әр қандай педагогикалық тізімді өзара байланысты болған төмендегі элементтерден тұратынын көрсетіп береді: 1-оқушылар; 2-тәлім; (тәрбие) мақсаттары; 3-тәлім (тәрбие) мазмұны; 4-дидактикалық процесс; 5-ұйымдастыру түрлері; 6-педагог. Бұған мынаны сызылма арқылы анық көз жеткіземіз.

Педагогикалық тізім

Әлеуметтік талап



Ал, бұл педагогикалық тізім әр қандай теорияға тән болғаны сияқты, төмендегі екі түсінікті өз ішіне алады: дидактикалық мәселелер және оларды қолданудың педагогикалық технологиясы. Дидактикалық мәселелер педагогикалық тізім айналасында адам қызметінің әр қандай саласы сияқты анық мақсаты және оған ерісу үшін мазмұн болуы керек. Сонымен, әрбір дидактикалық мәселе педагогикалық тізімді өзіне сай келетін педагогикалық технология элементтері мен шешімді, олар: дидактикалық процесс (беталыс),

педагог немесе оқытудың техникалық құралдары және де оқытудың ұйымдастыру түрлері.

Сызылмада әлеуметтік талап бағыты дидактикалық мәселелерге қаратылған және бұл тегін емес: тәлім барлық уақыт қоғам талаптарын қанағаттандыруға қызмет қылады, және ол саналы түрде тез немесе жай бұл талаптарға сай түрде жөнделіп барады.

Педагог методистер дидактикалық мәселелерді белгілеуге және оған сәйкес келетін педагогикалық технологияны істеп шығуға аз көңіл аударуда. Осы көзқарастан ұлттық Бағдарлама мемлекеттік талап сыпатында яғни педагогикалық технологияны жарату және практикаға ең жайдыру мүмкіндігін жүктеді. Сонымен, педагогикалық технологияға «жаңа» сөзінің қосып істелуі ғалымдарымыз және оқытушыларымызды ойландырып қойды.

Ал, енді сол педагогикалық технологияны қалай жаңалау мүмкін? Көңілді жоғарыда келтірген педагогикалық тізім үздіксіз түрде мемлекеттік талап өз әсерін көрсетеді және тәлім-тәрбие мақсатын жалпы түрде белгілеп береді.

«Кадрларды дайындаудың ұлттық бағдарламасы» тәлім-тәрбиенің мақсатын жаңа бағытқа бұрды, яғни «Өткеннен қалған көзқарастар мен сарқыттардан толық құтылу, дамыған демократиялық мемлекет деңгейін де жоғары рухи және әдеп талаптарына жауап беретін жоғары білімді кадрлар дайындау» деп белгіледі.

Демек, тәлім-тәрбиенің мақсаты жаңаланды, оған сай түрде мазмұнның жаңалануы табиғи. Тәлім мазмұны оқу дәстүрлері мен оқулықтарда өз көрінісін табады.

Сонымен, тәлім дамуының әрекетке кіруші күші ретінде бар дидактикалық мәселелер және оған сай келетін педагогикалық технология негізінде құрылған педагогикалық тізім қызмет қылады.

Бітіру мамандық жұмысының мақсаты. Бітіру мамандық жұмысының тақырыбы «Ақын-жазушылардың өмірбаянын өтудің жаңа технологиясы»

1997 ж. 29-тамыз айында Олий Мажлистің ІХ сессиясында «Білімдендіру заңы» мен «Кадрларды дайындаудың ұлттық бағдарламасы» қабыл етілді. Бұл заң мемлекетімізді жасап жатырған әрбір бұқарасы өзі мен перзенттерінің келешегі жайлы айдын жолды көрсетеді деп білеміз. Жастарымызды рухи жақтан жетіліскен, ой ауқымы кең, Отансүйгіш, білімді де тәрбиелі етіп өсіру және де осы игі іске келтіретін оқытушыларымызды да жан-жақты кемелдендіру қажеттігі көрінеді.

Президентіміз И.А.Каримов Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің XIV сессиясында сөйлеген сөзінде: «Мемлекетіміздің болашағы жас ұрпағымыз қандай тәрбие алуына, қандай рухи қасиеттер иесі болып жетісуіне, перзенттеріміздің өмірге қандай қатынаста болуына, қандай жоғары мақсаттарға қызмет қылуына байланысты екенін барлық уақыт есімізде ұстауымыз керек.

Біз өз хұқықтарын білетін, өз күшімен мүмкіндіктеріне сүйенетін, айналасында болып жатқан оқиғаларға дербес қарайтын, жеке мүдделерін мемлекет және халық мүдделерімен байланыста қарайтын еркін, жан-жақты жетілген адамдарды тәрбиелеуіміз керек»⁵, - дегенін негізге ала отырып, әрбір сабағын қалай өтсем екен, қайтіп өтсем екен деп түсіндірудің жаңа тәсілдерін ойлап табатын энтузиаст оқытушылар – бүгінгі күн талабы екендігін әдебиет пәні сабағын негізге ала отырып түсіндіруді көздейміз.

Педагогикалық технология мәселесі дүние жүзінің барлық мемлекеттерінің білімдендіру саласындағы күрделі мәселелерінің бірі болып есептеледі. Педагогикалық технологияны ізбе-із және жан-жақты зерттеу, алуан түрлі педагогикалық қызметпен бір негізде бар тәжірибені тереңдей түсу және ең жайдыру – оқытушының студенттермен бірге істесуін жақсылайды⁶. Ал бұл өз кезегінде кадрлардың мектепке орналасқан соң

⁵ «Тил ва адабиёт таълими» журнал. –Тошкент, 1999, № 2,1 бет.

⁶ Педагогика. Журнал. Москва, 1992. №11-12, 55-58-беттер.

олардың оқушылармен істесу, қарым-қатынас жасау, түсіну мәселесін жақсартады.

I ТАРАУ

АБАЙ ӨМІРБАЯНЫН ХАБАРЛАМА КҮЙІНДЕ ӨТУ

Әдебиет сөзі араб тілінде асыл сөз дегенді білдіретіні баршамызға белгілі. Әдебиет сөз өнері.

Ал, сол асыл сөз иелері болған ақын-жазушылар өмірбаянын оқыту мәселесі – күрделі мәселелердің бірі.

Ақын-жазушылардың өмірбаянын оқып үйренудің білімдік, тәрбиелік, тарихи мәні зор. Сондықтан да, ақын-жазушылардың өмірбаянын әңгімелегенде оның өмір сүрген кезеңіне байланысты тарихи-әлеуметтік жағдай, туып өскен ортасы, жасаған қоғамының ортамен қарым-қатынасы сияқты тарихи мәліметтер беріледі. Сабақтың кіріспе бөлімінде қай жылы туып, қай жылы жасағаны айтылып қана қоймай, ақын-жазушы тарихи тұрғыдан бағаланып, әр ақын-жазушының өміріндегі, шығармашылық қызметіндегі ерекшеліктерді оқушылардың жасына, біліміне қарай түсіндіреміз.

Демек, ақын-жазушының өмір сүрген әлеуметтік, саяси-қоғамдық кезеңге байланысты оның жазушылық, ақындық тұлғасынан алатын ең қажетті, деректі тұтастарының, туған-туыстарының естеліктерінен үзінділерді оның өмірі мен шығармашылығына байланысты суреттерді 4-5 минут кіріспе бөлімде орынды қолдану - өтілетін жаңа материалдардың оқушыға түсінікті, қызықты болуына себепін тигізетіні даусыз. Сонда ғана біз қазақ халқының ілгері дамуы жолындағы күресін бұл жолда түбі бір туыс және басқа да халықтардың таңдаулы ұлдарының достық көмегін белгілі бір

тарихи дәуірде өмір сүрген әдебиет қайраткерлері арқылы дұрыс көрсете аламыз.

Ақын-жазушылардың өмірбаянын өту бойынша қалыпты және толығып баратын түрлерін білеміз. Олар мыналар:

1. Ақын-жазушының өмірбаянынан берілетін мәлімет.
2. Өмірбаяны арнаулы түрде өтілмейтін ақын-жазушылар жайында шолып қысқаша мәлімет беру.
3. Өмірбаянымен қатар шығармашылық жолы туралы мәлімет беру.
4. Ақын-жазушының өмірі туралы құрастырылған әңгіме.

4-8 сыныпқа арналған оқулығында болсын, әдебиет бағдарламасында болсын жекелеген шығармаларын оқығанмен, көптеген ақын-жазушылардың өмірбаянынан арнаулы түрде мәлімет берілмейді. Сондықтан да біздің пікірімізше, методист ұсынған жазушының өмірбаянын оқып үйренудің 4 түрінің ішінде екінші түрі – ақын-жазушылар жайында қысқаша анықтама беру мен төртінші түрі – жазушының өмірі туралы құрастырылған әңгіме көбірек қолайлы әрі лайықты сияқты. Себебі, орта буын оқушыларына ақын-жазушысымен алдын ала таныстыруға қажетті тарихи шолу ретінде бұл түрлердің мәні бар. Ал, жазушының өмірі туралы құрастырылған әңгіме түрін қолдансақ – орта буын оқушылар үшін ғылыми тұрғыда жаңалық, әрі өтілетін тақырыптың тарихи жағын алады, оқушыға жаттанды нәрселер қайталамайды, яғни жазушының туған, өскен жерлерін санамалап жатуды қажет етпейді. Қазақ әдебиетін оқытудың методикалық құралдарында мұндай өмірбаяндық материалдарды іріктеп табу – мұғалімдердің өздеріне жүктеледі. Ондай материалдарды ақын-жазушылардың өмірбаяны жөнінде жазылған еңбектерден алу ұсынылады. Ал өмірбаяндық еңбектер әр алуан. Бірсыпырасы ғылыми - өмірбаяндық еңбектер болса, енді біреулері – көркем әдеби очерктер, тағы біреулері – жазушылардың өз өмірлерінен жазылған мемуарлық романдар. Сонымен бірге ақын-жазушының өмірбаянынан мәлімет берудегі тағы бір өте қолайлы материалдар – оның күнделіктері,

жазысқан хаттары, естеліктері сияқты тарихи - әдеби мемуарлық материалдар екені ескеріледі.

Ақын-жазушы туралы очерк, мемуарлық роман, естелік т.б. олардың өмір сүрген дәуірі, қоғамы, сол қоғамға деген қатынасы, көзқарасы жөнінде баяндайды, мұның өзі тарихи бір шындық⁷.

Ақын-жазушылардың өмірбаянын өтудегі методикалық бас талап – білім және оның тәрбиелік сипаты назарда тұтылған. Оқытушы ақын-жазушылардың біздің ұлттық мәдениетімізді жасаудағы олардың орнын, сол себепті олар Отансүйгіш жандар екендіктерін, оқушыларға қызықты әрі есте қаларлықтай етіп түсіндіруге ұмтылуы тиіс.

Оқытушы ақын-жазушылардың өмірбаяндары жөніндегі мәліметтерді қазіргі заман талабына сай түрде жеткізе алуы қажет. Олардың өмір жолдары оқушы үшін халыққа қызмет етудің адал еңбек етудің үлгісі ретінде қалдырылады.

Дегенмен, өмірбаяндық материалдардың елеулі білімдік-тәрбиелік маңызы бола тұрса да, оны оқыту ісінде көптеген мұғалімдер әлі күнге дейін жазушының қоғамдық, әдебиеттік қызметіне қатысы бар жеке деректерді ғана хабарлау, ол жөнінде оқулықта берілген қысқа материалдарды жалаң меңгерту сияқты кемшіліктерден арыла алмай келеді. Бұл жағдай оқушыларды өз бетімен ойландырмайтыны, жаңа білімін байытпайтыны былай тұрсын, олардың әдебиетке деген ынта-ықыласын кемітеді, туындыларды өздерінше талдау мүмкіншіліктерін тарылтады. Сабак өту барысында көбінесе тек деректерге сүйеніп өтіледі. Ал, бұл өз кезегінде тақырыптың мән-мағынасын ұғынуды қиындатады.

Өмірбаяндық материалдарды өтудегі мақсат – сөз болып отырған қоғамдық әдеби құбылыстың және жазушы туындыларының ішкі сыр – сипатын ашып көрсету болып табылады⁸. Демек, көркем шығармадағы

⁷ Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері. Алматы: Мектеп, 1982. 106-108-беттер.

⁸ Қазақ әдебиеті мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен. Алматы, 1972. 90-93-беттер.

кейіпкер сыры жазушының өмір тәжірибесіне тығыз байланысты екенін ашу керек.

Әдебиетте әрбір таланттың өзінің өмір тарихы, қиын да қызықты шығармашылық жасы болады. Жазушының өміріне байланысты ерекшеліктерін түсінсе ғана, оқушы оның шығармаларының сырына терең үңіле алады.

Сонымен бірге, ақын-жазушылар өмірбаянын өткенде оның шығармаларын өзге ел әдебиеті үлгілерімен салыстыра өту – тақырыпты терең түсінуге көмегін тигізеді.

Ал, енді қазіргі кездегі ақын-жазушылар өмірбаянын өтудің жаңа технологиясы жаңалықтарын ұлы Абай шығармашылығын негізге ала отырып жеткізуді жөн көрдік.

Ақын-жазушылардың өмірбаянынан мәлімет беруде оның шығармаларын талдау үлкен маңызға ие.

Әдебиет пәні оқытушылары өтетін тақырыбын оқушыларға қызықты, дәлелді, есте қаларлықтай етіп түсіндіруді мақсат етіп өзінше жаңа әдісін істеп шығады. Оның тәжірибелі оқытушыларымыздың бір сағаттық сабақтың жоспарын мысалға алмақшымыз.

Көркем әдебиетті оқыту әдістемесінде көрнекті ақын-жазушылардың өмірі мен әдеби қызметін оқушыларға терең де мазмұнды танытудың маңызы ерекше екені айтылады. Оқушы ол арқылы қаламгерлердің өмір сүрген дәуір сипатын, өмірінің маңызды кезеңдерін біліп, шығармаларының тақырыбы мен идеалық-көркемдік ерекшелігін жете түсініп, бағалай білетін болады. Сондықтан мұндай тақырыптарды өткенде қосымша материалдар дайындап алып, көрнекіліктер жасап түсіндіруге ерекше мән берілгені мақұл.

Атап айтқанда, жоғары сыныпта Абайдың өміріне байланысты көрнекті ғалымдар мен ақын-жазушылардың айтқан ой-пікірлерінен үзінділерді іріктеп, оның көлемділерін суретке алып материал жинаған Қуандық Мұратұлы еңбегі ерекше. Ол Абайға қатысты материалды

түсіндіруде, реттеп оқу беталысында төмендегі мәліметтерді мәлімдейді. Әрине, ізденген адамның еңбегінің жобасын жұмысқа қолданғанды мақұл көрдік. Ол кісі: «Ақын өміріне байланысты 50 дей сурет, он шақты үзінді – дәйекті 60x85 см көлеміндегі ақ қағазға орналастырып, картина-плакат түрінде көрнекілік жасалынды. Осындай бес көрнекілік төмендегіше пайдаланылды»⁹ - дейді.

1-картина – плакат

1. Абайдың портреті (суретші Мартованың салғаны).
2. Құнанбай – Нұрғаным (1854-ж түсірілген фото).
3. Ақын ұрпақтары (таблица – схема).
4. Ақын отбасымен (фото).
5. Абай әжесімен (сурет).
6. Жас Абай (суретші Ә.Қастеев салған).
7. Абай оқыған Ахмет медресесі (фото).
8. Абай және оның балалары – Ақылбай, Тұрағұл, Әбіш (фото).
9. М.Әуезов «Абай өз халқының ой-санасы өсу тарихында анық прогресс жолын бастаушы болды» (фото).
10. Ақынның шығыс ақындарына еліктеп жазған алғашқы өлеңдері: 1858 ж. «Физули, Шәмши, Сайхали», «Юзи – Рәушан, көзі гәухар», «Әліп деп ай Иузи ғибрат еттім» (фото).

2-картина – плакат

1. Абай жаз жайлауда (Ә.Қастеев салған картина).
2. Абайдың досы Көкбай ақын (1861-1925 жж. фото).
3. Ақынның орыс досы Е.П.Михаэлис (фото, 1841-1913 ж.).
4. Ақынның алғашқы суреті (орыс суретшісі П.Д.Лобановский салған).
5. Ақынның 1909 жылы шыққан өлеңдері жинағының сырты (фото).
6. Абайдың сенатқа жазған хатының көшірмесі.

⁹ Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1994. №2. 68-бет.

7. М.Қисамединов. Суретшінің Абай өлеңдеріне салған «Жаз», «Жазғытұры» деген иллюстрациясы (фото).
8. 1882-85-87 жылдары жазған өлеңдері. «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Ғылым таппай мақтанба», «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Жаз», «Интернатта оқып жүр», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» т.б. (фото).

3-картина – плакат

1. Ақын портреті (суретші Ә.Қастеев салған 1954 ж.) (фото).
2. Ақынның қайтыс болуының 50 жылдығы – 1954 ж. Қазақстан Министрлер Кеңесінің қаулысының тексі (фото).
3. Ақын қабірі басындағы құлпытас (суретші Я.Сланянов салған суреті).
4. Ақынның Жидебайдағы бейіті (фото).
5. Ақынның қыстауы – Жидебайдағы мұра – жайы.
6. Ақынның демалатын бөлмесі (фото).
7. Музейдің кіреберісі.
8. Семейдегі ақынның мұражайы (фото).
9. Ақынның Алматыдағы ескерткіші (Х.Наурызбаевтың еңбегі).
10. Абай атындағы опера және балет театры (фото).
11. 1888 – 90 жылдары жазған өлеңдері: «Күз», «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай», «Қыс», «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым мінеки», «Сегіз аяқ», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Жазғытұры» (фото).

4-картина – плакат

1. Абай портреті (суретші Т.Тоғысбаев салған).
2. М.Әуезов. Я.Соболев «Абай» трагедиясынан.

- а) Әйгерім бейнесі - әртіс Х.Бөкеева рөлінде.
 - ә) Абай бейнесі – Ы.Ноғайбаев рөлінде.
 - б) Абай мен досы Долгополов бейнелері – А.Нурбеков пен Қ.Қуанышбаев рөлінде (фото).
3. Жібек матаға салынған Абай суреті (Туаже қаласының тұрғыны суретші В.И.Пятигорскаяның салғаны) (фото).
 4. Ақынның 1922 ж. Ташкентте шыққан өлеңдер жинағының сырты (фото).
 5. 1891-93-95-99 жылдардағы жазған өлеңдері «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлған», «Әсемпаз болма әрнеге», «Әбіш туралы», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Дұтбайға» (фото).


5-картина – плакат

1. Абай киіз үй жанында (Ә.Қастеев салған картина, 1934).
2. Жазушы Қ.Исабаевтың Шығыс Германиядағы Ильменау қаласындағы Гете мұражайына қойған ақын суреті (фото).
3. Абай өлеңдері – ағылшын, чех, араб, әзірбайжан тілдерінде (фото).
4. Абай бейнесі (В.Киреев салған сурет, фото).
5. Ақынның мерейтойы –ақынның туған жері Қарауылда өткен той көріністері (Ю.Куйдиннің фотолары).
6. Ақын туралы К.Кулеевтің, И.Юсуповтың лебізі.
7. Ақынның поэмалары: «Ескендір», «Масғұт», «Әзімнің әңгімесі».
8. Аудармасы М.Ю.Лермонтовтан, А.С.Пушкиннен, М.А.Крыловтан.
9. Қарасөздері: «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз» т.б. (фото).


Плакаттардағы сурет – материалдарды, және ретті материалдардың берілуін үйрене отырып, ақын өмірінің маңызды кезеңдерін мына жоспар бойынша түсіндірсек мақұл болады.


1. Ақынның туылған жылы, туған жері, өскен ортасы, ата-анасы, туысы, ұрпақтары туралы мәлімет беру.
2. Ақынның жастық шағы, оқудағы кездері туралы баяндау.
3. Абайдың ел ісіне араласуы, әке сынағынан өтуі.
4. Абайға орыс достарының ықпалы, демократтық көзқарасы
5. Ақынның талантының оянуы, алғашқы өлеңдері.
6. Ақынның әлеуметтік белсенділігі.
7. Ақын өлеңдерінің тақырыптары.
8. Ақынның аудармалылық қызметі.
9. Ақынның поэмалары, қара сөздері.
10. Ақын өмірінің соңғы кезі – қайтыс болуы.
11. Суретшілер шығармашылығымен сахнада көрінуі.
12. Абай – елін халықтар арасындағы достыққа үндеуші және шет ел әдебиеттерімен байланыстырушы.
13. Ақынның мерейтойлары.

Қаламгерлер өмірі қажырлы еңбекпен еліне, халқына қызмет ете білудің өнегесі, үлгісі десек, ақын Абай өмірі де елім үшін еңбек етемін деген әрбір талант үшін адастырмас темірқазық екендігін айта келе ақынның 1845 жылы Семей облысы Шыңғыстауда туылғанын хабарлай отырып, мына схема арқылы оның ата-анасы мен өскен ортасын ұрпақтары жайында әңгімеленді.











Құнанбай – Нұрғаным







Абай - Еркежан

Плакаттағы Қастеевтің салған «Жас Абай» суреті, Ахмет Риза медресесі суреті арқылы ақынның білім алуы мен оқудағы кезеңдерін әңгімелей отырып, неміс халқының ұлы ақыны Гетенің: «Шығыста жеті жұлдыз бар. Бәрі де ұлы ақындар. Мен солардың біреуіне де тең келмеймін», - деп айтқанының мәнін оқушыларға түсіндіргенде Абайдың:

Физули, Шәмси, Сайхали

Навои, Сағди, Фирдауси

Хожа Хафиз бу һәммеси

Медет бер, я Шағири фәрияд, -

деп бұл ақындардың жырынан нәр алып, ақындық жолына медет сұрағандығын ескере отырып ақындық аруаққа сиыну, табыну халық дәстүрінде бар ұғым екенін баса түсіндіру арқылы оқушының халыққа құрметті түсінігін кемелдендіреді.

Ақын өз туған халқының ауыз әдебиетін және Шығыс поэзиясын сүйіп өскендігін көркем шығармалары арқылы түсіндірсе өте тиімді боп оқушыға дариды.

2-3 картина плакат суреттерін көрсете отырып, ақынның орысша оқуға ұмтылуын, өз бетінше оқу арқылы орыс ақын-жазушыларының шығармаларын оқығаны, ақынның дүниеге көңіл алып, демократтық көзқарасының қалыптасуына орыс достарының әсері, ықпалы Абай шығармасы арқылы беріледі.

Ғылымды, өнерді сүйген Абай өлең жазумен шұғылданғанын әңгімелей отырып 1855-82 жылдардағы жазған өлеңдерінің бірсыпырасы оқылып, мазмұнын алу көзделінеді.

Ақынның (Ә.Қастеев салған) шығармашылық үстіндегі сәті бейнеленген суретін пайдаланып, інісі Көкбай ақынның естелігімен таныстыру арқылы Абайдың 1880 жылдарда жазған өлеңдерін атауға болады.

Ақынның шығармашылығының екінші бөлігі – аудармалары екені түсіндіріледі. Аудармада өнер мұраты. Поэзиялық аударма – ақындық жарыс. Әрі халықтарды туыстастыратын ой ауысуы болмақ.

Ақынның артында өлмес мұрасы - өлеңдері ақынның өлмес аты.

Абай - өз елін жан дүниесімен сүйген ақын. Халық ақынның өлеңдерін мұра етіп қоймастан, оның тұлғасын үлгі тұтып, бүгінгі ұрпақ өзіне өнеге ғып жырлап келеді. Ақынға арналған өлеңдерді айтпағанның өзінде атақты өнер қайраткерлерінің ақын тұлғасын сахнада қалай жасағанын (М.Әуезов «Абай» трагедиясы, Ы.Ноғайбаев рөлінде т.б.). Суретшілер Ә.Қастеев, Х.Наурызбаев, Т.Тоғысбаев салған ақын бейнесі, көрнекіліктер көрсете отырып әңгімелеуге тұрарлық.

Ақынның мүшел тойы бірнеше рет аталып өтілді: 165 жылдығы елімізде кең белгіленді. Абай журналы қайтадан шығарылып жатыр. Абай шығармаларының туысқан халықтар тіліне аударылуы зерттелінді.

Сөйтіп, жаңа сабақ материалы ақын өмірінің басты-басты кезеңдерін сұрау арқылы ақынның кей өлеңдерін жатқа айтқыздыру арқылы пысықтап бекітуге болады.

Ақын өміріне байланысты жаңа деректер ретінде жазушы Қ.Исабаевтың Шығыс Германиядағы Ильменау ауданындағы Гете мұражайына (1979 ж.) ақынның «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің Абай аудармасын ән нотасымен қоса апарып қойғанын, бұл ақынның шетел әдебиетімен байланыстағы бір қыры екенін танытды.

Екінші, балқар ақыны Қасым Кулеевтің (Нальчик 18 мамыр 1917 ж.): «Орыстар үшін Пушкин қандай болса, ағылшындар үшін Шекспир қандай болса, грузиндер үшін Руставели қандай болса, қазақтар үшін Абай да сондай теңдесі жоқ ғажайып құбылыс. Ол – қазақ даласының Прометейі, - деген жүрек жарды лебізін оқып беру арқылы ақын еңбегінің қалай салыстырмалы бағаланғаны, әңгімеленеді.

Үшінші, Абай туыс халықтардың әдебиетіне зор ықпал, әсер жасаған ақын. Туысқан қарақалпақ ақыны И.Юсуповтың «Мен Абайды жатқа білген халықпын» деген өлеңін оқып беру өте орынды болмақ.

Шыңғыстауда шыққан Абай жырлары,
Көп жаңғыртқан Қарақалпақ қырларын.
Бердағымның қосығына қосылып,
Құлағыма бірге шерткен сырларын.
Тегіміз бір түйір дәнді бөліскен,
Мейірім сүтін бір емшектен еміскен.
Тар құсақта тай құлындай тебіскен,
Аспанымда жарқырасқан жарық күн,
Мен Абайды аға тұтқан халықпын», - деп ақын Абай

мұрасына деген ықыласын білдірген өлең шумақтарын оқу арқылы туысқан ел қаламгерлерінің да ұлы Абайды өз туғанына балап мақтанатынын сабақта айтып өту орынды¹⁰. Әттекі, Қ.Жұмажанов, Ш.Аяпов, С.Исмайловтар құрастырған, Алматыда жарияланған «Абай және қарақалпақ әдебиеті» (Алматы: «Рауан», 1995 ж.) кітабы республика оқушыларының достық туысқандығын нығайтады. Себебі, бұл кітап қарақалпақ бауырларымыздың Абайға болған жақсы қатынасын көрсететін бағалы еңбек екені аян.

Бұл күндерді аңсай күткен арманымыз орындалып, еліміз тәуелсіздігін алған кезде алдымызда ауызбірлігі бар, иманды, еңбек сүйгіш, бауырман, достықты ту етіп көтерген іргелі халық екенімізді таныту міндеті тұр. Жастарымызды осындай абзал қасиеттерге тәрбиелеуде ақын мұрасының маңызы зор, сөйтіп, сабақ қорытылып, үйге тапсырма берілмек.

Берілген жоспарды келтірудегі мақсатымыз әрбір оқытушы бір тақырыпқа әр түрлі қатынас жасайды, бар шеберлігін көрсетеді. «Мың ұстаз – мың әдіс» сөзі осыған дәлел болмағы анық.

¹⁰ Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1994. №2. 63-68-беттер.

Демек, ақын-жазушылардың өмірбаянын өткенде, олардың өздеріне тән өзгешеліктерін түсіндіру, ұғындыру педтехнологияның басты міндеттері болады.

Алдымен, қаламгердің туған жері, өскен ортасы, ақынның жасын таңдауға көмекші болған жағдайлар, сонымен, ақынның әрі шешен, дана, нәзік сазгер, аудармашы, философ, ағартушы екендігін айтып өту жеткіліксіз. Оны шығармашылықтағы адамның өнер туындысымен дәлелдеп түсіндіру керек.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев 1845 жылы, осы күнгі Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауында туған. Абайдың арғы атасы Ырғызбай, бергі атасы Өскенбай – екеуі де дәуірінің ірі адамы.

Абай өмірін оқытуда оның өскен ортасының өнегелік жағын анықтап, дәлелдеп айқын көрсетіп оқытудың маңызы зор. Өнегелі өмірдің бастауы – асқар таудай атасы – Құнанбай, ағар бұлақ анасы – Ұлжан, мейірімді, қамқор шежіре әжесі – Зеренің орны ерекше. Халқымыз «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» десе, ұлы адамның ата-анасы: бірі – елдің атасы, бірі – елдің анасы. Тағы да дана халық: «Тақыр жерге шөп шықпайды», - дейді ғой. Ендеше ұлының әкесі – Құнанбай ақыл-парасат иесі, ел билеген көсем, бұлбұл шешен, әрі мырза, жастайынан атқа қонған найзагер қатал талапты, табанды әрі шешімді адам болған. Елді тәртіпке келтіріп, адамгершілік арға бағындыратын дінді ұстанған, ақыл-айласы мол әрі көреген сыншы кісі болған. Өз тұрғыластары Байсал, Бөжей, Қаратайлар Құнанбай балаларының ішінде пысық әрі сергек адам болатын Ысқақ деп бағалағанда, әкесі Абайға карап: «Одан да не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтіңдерші», - депті. Ақылды, сыншы әке бала бойындағы қасиетті дөп басқан. Замандасы Қаратай Құнанбайдың ақылдылығын, шешен әрі мырза екендігін, сыншылығын көп алдында талай дәлелдеген. Абай жасынан өзімен бірге ала жүріп, үлкен өнегелі отырыстарды көрсетіп, небір дүлдүл шешендердің асыл сөз, абзал қасиеттерін әділ биліктерін оған сабақ еткен.

Бұған дәлел ретінде мына деректі келтірейік «1822 жылғы патша өкіметінің «Сибирь қазақтарына арнап шығарған уставы» бойынша қазақ даласы округқа бөлініп, округтық бұйрық арқылы билеу тәртібінен кейін, Құнанбай Қарқаралы округына аға сұлтан болып сайланады. Құнанбайдың атының шығуына бұл жағдай мәнді болды.

Құнанбай Қарқаралыға аттанарда барлық кезде қасына Абайды ерткен».

Аналары Зере мен Ұлжан халқын, ел-жұртын сүйер мейірімділікке, үлкен жүректі ұлылыққа бастады. Ел анасы - әжесі Зере ел тарихын айтып, ел – халқының тұрмыс-тірлігімен таныстырып, жақсы мен жаманды айыра білуге үйретті. Шешендік негізге бастау берді. Туған анасы – үлкен қаракесек Бертіс-Шаншар руынан, Шаншар сықаққой болған. Ұлжан өте ақылды, ұстамды, сөзге сараң, сөйлесе шебер үйлесіммен сөйлейтін кісі болған.

Ұлжан Құнанбайдың екінші әйелі бола тұра күндестіктен аулақ болған. Ұлжанды елі өте жоғары бағалайды, құрметтейді. Баласын әділдікке бастап, ел-жұртын сүюге үйреткен. Кейде әкесі ел ішінде ағайындар мен келісе алмай қалған кездерде Ұлжан Абайға:

- Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін «Күндестің күні күндес» дегенді сен білмей-ақ қой. Бөжекенді көрген жерде сәлеміңді түзу бер. Бір кезде жақсы жақының еді.

Кім тентек? Кім мақұл? Қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әділ бол. Жамандыққа кім табылмайды дейсің, жанашырдан айрылма: - деп, туыстық, сыйластық, достыққа бірлікке шақырады.

Абай анасының бұл сөзін үнемі жадында сақтап өседі. Ата-ананың осы сияқты асыл өнегелері Абайды ағалыққа, ұлылыққа бастады.

Тәрбие – от басынан басталады емес пе? Абайдың асыл қасиеттерді өз бойына сіңіруде оның анасы, әкесі басқа да жанашыр туыстарының орны тіптен бөлек.

Құнанбай үйіне ақындар әншілер ат ізін суытпай келіп тұрған. Абай сусындаған бұлақ – Марабай, Садырбай, Дулат, Шөже, Байкөкше, Түбек, Біржандар. Өз маңындағы скрипкашы Мұқи, әнші Баймағамбет, ақын Мағауия, әнші Әмір, Дәрмен, аяулы асыл жар Әйгерім, Үмітейлерді өнер мектебінен өткізді. Біржанды тыңдап, ән қадірін, әлемнің қасиетін азамат өнерінің зор биігі деп бағалаған Абай:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй, - деп басталатын өлең шығарады.

Ақын бойындағы өнер құдіретінің көтерілуіне Байкөкше, Біржан сияқты ақындардың үлкен әсері болды деген тұжырымға келеміз.

Егде тартқан шағында ел арасындағы дау жар, әртүрлі тартыстардан аулақтап орыс мәдениетін зерттеп, оны өз халқының пайдасына күш салуы, шығармашылыққа берілуі, халықтың ірі-ірі мәселелерді көтеріп, өзі айтқандай: «Әкесінің ұлы болмай, адамның ұлы болуы» жұрт алдында оның беделін бұрынғыдан да күшейте түсуі орынды.

Абайдың ел үшін істегендері оны жалғыз Абайы емес, қанаттас, іргелес елдердің де Абайы етеді. Алуан түрлі себептермен Россиядан айдалып келген халықшылдар оқымысты жазушылар – бәрін де Абай өзіндік санап, достасып кетті. Бұған дәлел ретінде Долгопаловтың арызы мен Тұраштың (Тұрағұл) ескерткішін келтіруге болады.

Семейдің соғыс губернаторы – мырзаның ғұзырына

(Нифонт Долгопаловтан)

Өтініш

Жүрек ауруы және безгек науқасымен менің денсаулығым өте төмендеп кетті. Оны жөндеу үшін жазғы айларда қаланы тастап, қырға шығып қымыз ішсем, таза ауаны пайдалансам деймін. Сол себепті өте

кішілік етіп сіздің ғұзырыңыздан Шыңғыстау болысы, Құнанбай Өскенбаевтың ауылына баруға 15 августқа шейін рұқсат етуіңізді сұраймын.

Семей, 4 июль, 1885 жыл.

(Н. Долгополов).

Сонымен бірге, баласы Тұраштың жазуынша жыл сайын үркіттен қашқан, көбінесе Кавказдағы Дағыстанның, Түріктің адамдары бірден – екіден келіп, біреулері қыстап, біреулері бір-екі ай жатып, тынығып ат мініп кетеді екен. Олардың он бестейін өз көзімен көргендігін жазады.

Ақын өмірін оқытуда оның шығармаларын талдау үлкен маңызға ие. Себебі, ақын әр шығармасына өзінің ішкі сезімін, көз-қарасын, өмір шындығын енгізіп отырады. Шығармалары жайлы мәлімет беруде синхроникалық таблицаның орны үлкен.

Өмірінен мәлімет	Шығармасы	Дүние (Қазақстан) оқиғалары
1. 1845 ж. Абайдың туылуы.		Қазақтардың Хиуаға шабуылы
2. 1854 ж. Ақын 9 жаста	«Физули, Шәмси, Сайхали»	Верный бекінісінің салынуы
3. 1858 ж. Абай 13 жаста	«Иузи рәушан, көзі гәуһар»	Қазақтардың Қоқанға шабуылы
4. 1889 ж. Ақын 44 жаста	«Жаз», «Болыс болдым мінеки»	Ы. Алтынсарин дүниеден өтеді.

Абай шығармаларының тәрбие беретін жақтары жеткілікті. Себебі, ақынның бүкіл өмірі, еңбектері, шығармалары негізінен үлгілі - өнегелі адам тәрбиелеу ережесі десек те болады.

II ТАРАУ

1. АБАЙ ӨМІРІН ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ТҮСІНДІРУ

«Ақынның сезімі – сексеуіл, ойы - от». Осы сияқты ақын Абайдың өмірбаянына оның шығармаларын талдау арқылы тереңірек үңілуді мақсат тұтпақпыз.

Ең алдымен ақынның қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтары жөнінде сөз етпекшіміз.

Абай – қазақ поэзиясын мазмұн жағынан тереңдетуші, түр жағынан жаңартушы. Ол қазақтың буынға негізделген өлең құрылысын ырғағы, ұйқасы, шумағы жағынан жаңартып байытты. Көп елдің әдебиетінен, көптеген ірі таланттардан Абайдың өнеге алғаны, үйренгені байқалады. Бірақ, Абай олардың ешқайсысының көлеңкесінде қалып қоймай, өз әдебиетінің ұлттық тіліне сай өлең ерекшеліктерін сақтап, поэзиямызға қандай жаңалық енгізсе де, қазақ өлең құрылысының өз ерекшелігін танытты. Олар бұрын жоқ, Абайдан кейін ғана дүниеге келген жаңа түр болса да, негізі силлабикалық өлең құрылысы екендігін айтпайақ ұғынуға болады. Абайдың Абайлығы да осында танылады.

«Абайдың қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтарын зерттеушілердің бірі 16 десе, енді біреулері 19 дейді. Олардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін дәлелдеу мақсатымыз емес, бірақ Абай шығармашылығын қарастырғанда оның ірі новатор ақын екені дау туғызбайды.

Абайдың өлеңдері арқылы әдебиетіміздің баюы, барлық өлең түрлерінің поэзиямыздан мығым орын алуы, кейінгілерге үлгі саналуы өзінен кейінгі ақындардың ол үлгілерді өздеріне өнеге етуі, соның нәтижесінде жаңа әдеби мектеп негізінің қалануы қазақ әдебиеті тарихы дамуынан толық көрініп тұрыпты.

Абайдың алғашқы шығармалары «Иузи – рәушан, көзі – гәуһар», «Физули, Шәмси, Сайхали», «Әлиф-би» - араб, парсы, шағатай әдебиетін де, орыс әдебиетін де көп білуі, оны терең ұғынуы, әр тілдің тек жалпы мағынасын ғана ұғынушы емес, сол тілдің әдемілігін де ұға білушісі, ақындық мектепті бастаған соң да өз бетімен үздіксіз оқығандығын дәлелдейтін деректер молдап саналады. Аталған шығармаларды 1933 жылы ақын жинағына алғаш енгізген – Мұхтар Әуезов.

Абай 1864 жылы 19 жасында «Әлиф-би» өлеңін жазады. Кейінгі өлеңдерінің жазылған жылдары 1870 жылдан соң басталады. Абай өлеңдерін қолжазба түрінде көшіріп сақтаған Мүрсейітте де 1870-1876 жылдың арасында жазған Абай өлеңдерінен дерек жоқ. Ал 1884 жылдардан бергі өлеңдерінің жылдары үзілмейді. Жазған жылдары – 1886, 1889, 1895 жылдар.

1886 жылы 17 өлең, 1889 жылы 27 өлең (оның сегізін орысшадан аударған), 1895 жылы 13 өлең жазады. Абайдың ғылымға, өлең жазуға белсене кірісуі 40 жасынан басталады. Оған дейін білім іздеуден қол үзбегенмен, өлеңді жүрдім-бардым ғана жазып келсе, 40 жасынан бастап шығармашылыққа түгелдей беріледі.

Қазақтың қоғам өміріндегі ескі феодалдық көзқарасқа, надандық пен жалқаулыққа қарсы күрес ашып, бұлар жөнінде көп өлеңдер жазған жылдары осы 1886 жылдардан басталады.

«Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Интернатта оқып жүр», «Қалың елім қазағым», «Байлар жүр саған малын қорғалатып», «Адасқанның алды жөн» сияқты әлеумет өмірінің әр түрлі жақтарына арналған өлеңдері де осы жылдары шығарылған. Осы жылдардан бастап өз еңбегін түгелдей ел игілігі үшін жұмсауға бел буғанына Абайдың мына сөзі дәлел:

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе. Әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік, айтыстық, жұлыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік, енді жер ортасы жасқа келдік, жалықтық істеп жүрген

ісіміздің бәрі баянсыз, байлаусызын көрдік – бәрі қоршылыда. Ал қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын ... Ақыры, ойландым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде – кім ішінен керекті сөз тапса, алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры, осыған бел байладым, енді бұдан басқа еш жұмысым жоқ»¹¹.

Абайдың бұл сөзінің өзі жастарға ғибрат өнеге береді.

Көркем шығарма өзегі – адам тағдыры. Бұл – бұрыннан белгілі шындық. Әр адамның өз өмір жолында басынан кешкендерін оның тағдыры дейміз. Демек, тағдыр дегеніміз – адамның өмірбаяны. Өмір жолы түп-түзу емес. Адыр – белестері да, ой-шұңқырлары да көп. Адам өмір жолында осы кедергілердің біреуіне болмаса да біреуіне кезігеді. Тіршілік заңы бойынша ал осы кедергімен күреседі, одан жеңілмеуге, оны жеңуге тырысады. Бірақ әр адамның күресу тәсілі әр қилы. Біреулері білекті сыбанып жіберіп, дереу шарт-шұрт айқасқа шығады. Енді біреулері жасқаншақтап, алды-артына қарайлап ақырын қозғалады. Ал, келесі біреулері наразылықтарын іштеріне түйіп, диянатқа үнсіз шыдайды. Өмірде осындай мінездердің бәрі бар. Әр түрлі мінездер, оларға сай туатын әрекеттер Абай шығармаларында өз орнын тапқан.

Себебі, адам жанына батқан мұң-мұқтаж, жүрегін ауыртқан қайғы-шер ақын-жазушыны толғатпай қоймайды¹².

Абай шығармаларының басты мақсаты жастарды өнер-білімге, адамгершілікті, әділ, мейрімді т.б. осы сияқты өнегелі қасиеттерге ие болуға үндеу. ...

Абайдың орыс поэзиясымен жақсы танысуына оның орыс достары әсіресе Михалистің әсері мол болды.

¹¹ Жұмашев Қ. XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1967. 258-259-беттер.

¹² Жалелова Г. Көркемдік әлемінде // Жұлдыз, 1996. №1. 193-бет.

«Абайға тағзым ету адам бойындағы махаббат пен мархабатқа тағзым ету, құдіреттің жақсылығын емес, жақсылықтың, адамшылықтың құдіретін сезіну арқылы одан өз бойыңа рухани күш алу екендігін ақын өлеңдерін шын түсінген адам ғана түсінеді. Сондықтан да Абайды оқи алмаған адамның өмір бойы бір бүйірі асқы тұрады»¹³ (Сағат Әлімбаев).

Абай шығармалары мектепте қалай оқытылып жүр? Қайтарар жауап көңілді көншітер ме екен?

Мысалы: V-VI сыныпта ақынның «Күз», «Қыс» өлеңдері оқытылады. Бұл өлеңдерді жалаң оқытып қана қоймай, өзге өлеңдермен де салыстыра өтілсе сабақ мәнді әрі қызықты болады. Осы екі өлеңнің табиғатын аша түсетін «Абай жолы» роман-эпопеясынан күзге байланысты Мағаш, Ақылбай, Дәрмен, Кәкітайлардың өнер бәйгесіне түсті, бір-бірінің қабілетін сынайтын жерін алса, ал қысқа қатысты «Жұтта» тарауынан үзінді берілсе, екі өлеңнің де мазмұн мағынасы тереңдетіліп ажары кіреді.

Ал «Күз» өлеңі М.Жұмабаевтың «Күз» өлеңімен салыстыра түсіндірілсе, өлең әсері тілге тиек болар еді. Егер «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің табиғатына М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы аң аулау көрінісін ерекше көрік қосса, аттың сипатын танытар «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін жыр дүлдүлі І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы Күреңбай сыншының онымен сабақтастыра оқытылса, сондай-ақ «Жазғытұры» өлеңін Шәкәрімнің «Жаз келер», Мағжанның «Жазғытұры» өлеңдерімен салыстырылса, шәкірттер дүниетанымы кеңейе түсетіндігі сөзсіз.

Мына төмендегі жоспар бойынша ақын шығармаларын талдап өтеміз.

1. Абай лирикасын талдау.
2. Абай поэмалары.
3. Абай шешен.
4. Абай – философ ақын.

¹³ Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1998. №9. 20-бет.

5. Абай аудармалары.

6. Абай әндері (күйлері).

Абайдың алғашқы шығарған өлеңдері «Иузи – рәушан, көзі – гәуһар», «Физули, Шәмси, Сайхали», «Әлиф-би», соңырақ «Сап, сап, көңілім», «Абрамға» М.О.Әуезовтің жормалдауынша «Сап, сап, көңілімді ... » Абай 20-25 шамасында жазған болу керек.

Ақынның жастық шағындағы шығармаларына тоқтай келе, М.Әуезов төмендегідей дұрыс қорытынды шығарады: «... ең алғаш қолына қалам алып жазған «Иузи – рәушаннан бастап, осы соңғы екі өлеңге дейін жеткен Абайдың жас ақындық жолы бар екені ап-айқын сезіліп тұр. Оның басы жеңіл сыртқары еліктеуден басталып, соңғы кезеңі ойы да, көркі де өсіп, пісіп қалған болашақ ойшыл, сыншыл ақынның іздену, өсу кезеңін көрсетеді»¹⁴.

Осы өлеңдерінен соң Абай қаламы сыншыл лирикалық шығармаларға бастау алады.

Ақынның әрбір өлеңі – оның адамдық тұлғасын даралайды өмірбаянынан өмір жолынан дерек береді.

Мысалы:

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,
Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мақтамды қалдық күтіп т.б. ...

Абай шығармалары қай дәуір жастарына болсын үлгі - өнеге көрсетерлік қасиетімен қазіргі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан емес.

Мысалы: «Оспанға» өлеңі Абай қайғыдан шөгіп, дүниенің қызығы қалмағандай, көкірегінде өмір сүрудің белгілі бір шарттары қалыптасты. Сүйікті інісі Оспан 1891 жылы қырық жасында дүние салғанда, осы өлеңін шығарады. Бұл өлеңнің басқа өлеңдерінен өзгешелігі мұнда қазақ түгіл бүкіл

¹⁴ Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры, 84-бет.

адамзаттың ұғымында жоқ оқыс пікірге ойысады. Абай бұл өлеңінде «Өмірге қандай нағыс адам дүниені белшесінен басқан пенде болып келді, дәл сол күйінде бұл жалғанмен қоштасып отыр» деген пікір айтады. Оның барлық өлеңдерінде әдеби тілге қатысты тілдің көркемдігін бейнелеуші құралдары өте көп қолданылаған. Бұнда аиллитератция (өлең құрылысында осылай бір дауыссыз дыбыстың қайталанып келе беруі) құбылысы бар.

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай.
Жасаулы жаудан бұрылмай
Жау жүрек жомарт Құбылмай.
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жан біткеннен түңілмей
Жағалай жайлау дәулетің ...

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінде ақынның болашақты ойлап қайғыратыны, жастарды уақтың құр босқа жібермеуге үндеп тұрғаны мәлім.

Мысалы:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін
Жоқ – барды ертегіні термек үшін
Көкірегі сезімді тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бұнда эпифоралық (өлеңнің әр жолының соңындағы немесе ой ағымының аяқ жағындағы бір сөз бір неше мәрте қайталануы) құбылыс кездеседі.

Оның «Әбдірахман өліміне» өлеңі – баласынан айрылған әке зары десек те болады. Мұнда Әбіштің өте шыдамды, ғылым-білімді сүйетін, мейірімді жан болғандығын айтады.

Абай «Қалың елім, қазағым ...» деген өлеңінде өз халқының ауыр хәлін қайғыра жырлайды. Ел хәлі аянышты, өз малын өзімдікі дей алмайды, түнде

ұйқысы, күндіз күлкісі бұзылып шерменде боп жүр. Елдің ұйтқысын шайқап, сыйқын бұзған азғындарды Абай «қыйқымға» теңеп, жер-жебіріне жетеді, солардан құтылмай еңбекші халықтың бағы ашылмайтынын жақсы сезеді.

Ақынның бұл өлеңі жырлай арнау үлгісінде жазылған:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы мен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп екі ұртың.

Бет бергенде шырайың сондай жақсы
Қалай ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқбайсың өз сезіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың ...

Абайдың бұл өлеңдерін талдау арқылы біз оның халқын сүйген, келешегін көре білген, ғылымды мадақтаған дана, психолог болғандығына көз жеткіземіз.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасына құныға бас қойып, одан сусындау бір ғасырдан асып отыр. Одан әрі әр қырынан қарап талдау, данышпан ойларын ғылыми негіздеу, түсініктемелер беру сияқты зерттеушілік ісінің әр қашан да толастамағаны белгілі.

Ақынның поэмалары көлемі жағынан ықшам жазылса да ақын өзінің айтайын деген ойын жеткізе, белгілі бір әлеуметтік мәні бар оқиғаны аша отырып, философиялық тұжырымдар жасап отырады.

Солардың бірі – «Масғұт» поэмасы.

Абай бұл поэмасында өз тұсындағы байлардың да әлеуметтік күйінің ауыр екенін көрсетеді. Мұны тағы да надандыққа рухани даму халқының артта қалғандығына әкеліп тіреледі. Қоғамдағы әлеуметтік тұрақсыздықтың басты себебін надандықтан көреді. Еңбексіз, әрекетсіз байдан мал дәметудің өзі надандық салдары екенін күйіне жырлайды.

Дана Абайдың поэмасындағы қаһарманына әйелді таңдатуының үлкен мәні бар. Себебі, өз халқының күйіне терең бойлағанда сол қоғамдағы әйелдің орны мен қызметінен аттап кете алмады. Әйел проблемасы оны қатты ойландырады. Ол мәселені шешпей қоғамның дамуы мүмкін еместігін көре білді. «Қатын, шеше, қызы жоқ» үй болмаса, олар қатнаспаған қоғамдық қатынастар қалай өркендеп, демографиялық өсуі қалай болмақ? Ақынды осы сұрақ көп толғандырады. Себебі, Қазақстан қоғамының қазіргі нақтылы тарихи жағдайында әйелді шын мәнінде ардақтау, оның қоғам өмірінің барлық тарауы мен деңгейінде орны мен маңызын көтеру мәселесі - әлеуметтік мәні мен қатар саяси сипат алуда.

Бұл поэмада көпшіліктің барлық уақыт әділ болмайтынын толық түсінген. Қазіргі кездегі демократиялық елдердің негізгі заңдары азшылықтың пікіріне де құлақ асып, оны қорғайды, аяқасты етпейді. Осындай болғанда ғана қоғамда әр түрлі пікір орын алып, өмірдің көп қырлылығын көрсететінін Абай өз дәуірін де-ақ аңғарған болатын.

Бұл поэмада әрбір адамның өзіндік жеке пікірі болу қажеттігі, оның үлкен пайдасы мен зияны сөз етіледі¹⁵.

Көптің бәрі осындай мысал етсең
Көп айтты деп алданып, уағыда күтсең,
Ғәпіл боп көп нәрседен бос қаласың,
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең.

Енді, ақынның шешендік өнері жайлы сөз етеміз. Мектеп бағдарламаларынан байқалған бір кемшілік – Абайдың шешендік өнері ашылмай қалған. Абай «Өзімше басқа шауып төске өрледім, қазақта қара сөзге дес бермедім» деп өзі айтпақшы, шешендік өнерді жастай бойына сіңіріп өскен, өлеңмен де, қара сөзбен де ғажайып әдемі өрнегін салған нүкте.

Мысалы: Жазушы Мұхтар Әуезов Абайдың сөзге ұсталығын «Абай жолы» роман-эпопеясында былай суреттейді: «Осы үш айтқаныңыздың

¹⁵ «Жұлдыз» 1995, №9, 157-158-беттер.

үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп айтам. Ең әуелі жайдақ суға теңгердіңіз. Қолында құралы бар жалғыз – жарымға ғана пайдасы тиетін шыңраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, кәрі – жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын. Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз. Ел билейтіндердің мінезін айттыңыз.

Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған бір қора қойды «айт» десе өргізіп, «шәйт» десе жусататын болған. Бертін келе ел түйе сияқты болды. Алдына тас лақтырып, «пәк» десең ақырын барып ғана бұрылады. Ал қазіргі ел бұрынғы көрбалалықтан, нашар момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдағын, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады ...».

Мұны Абайдың өзі артында қалдырған алғыр ой, өткір тілімен жеріне жеткізіп айтқан әзіл-қалжыңдарымен, қиядан қиып түсер шешендік толғамдары мен жандандырады. Мысалы: Абай Бақанас деген жайлауда төбе би болып, керей найман елінің жесір дауына билік айтып жатқанда, Байкөкше есіктен кіріп келгенде, Абай:

Тақыр жерге қалыңдап шөп бітеді,
Кей адамға мал мен бас көп бітеді

- дегенде Байкөкше:

Пысықсынған жігітті болыс қойсаң,
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді

- деп, Абайдың жанына отыра кетіпті. Жиылыстағы би-болыстар «Мына Байкөкше Абаймен келісіп қойғандай қалай сөйлейді?» дегенде, Байкөкше:

Сөз деген су емес қой ағып жатқан,
Байлардың малы емес қой бағып жатқан.
Парашыл би-болысты талай көрдік,
Халықты сұр жыландай шағып жатқан, - депті.

Жиылыста отырғандардың ішінде Рақыш деген болыс қызараңдап: «Абай-ау, мынау ақының кім еді, бәрімізді масқаралады ғой, жөн сөйлесе болмай ма?» дегенде, Абай: «Қазақ» «десін-десін» деп жүріп «демесін»ді ұмытып кетеді емес пе? Ақынның бәрімізге ой салып ескерткені болар» - деген екен.

Абайдың осы шешендік тапқырлығын ұлы Мұхтар да өз еңбегінде шебер қолданған.

Абай - өз заманының биік парасат иесі ғана емес. Бүгінгі заман қайшылықтарын шешуге де оң бағыт берген биік тұлға¹⁶.

Абайдың сыншыл идеясы оның қара сөздерінде де терең философиялық толғаныс пен көрініс тапқан. Ақын қара сөздері терең оймен күрделі пікірге бұрылған. Қазіргі мектеп бағдарламасында Абай қара сөздерінің бесінші, жетінші, он бірінші, он сегізінші, жиырма бесінші және отыз бірінші қара сөздерін оқытады, ал екінші, қырық бірінші, қырық екінші, он төртінші, он сегізінші сөздер факультатив сабақта оқытуға бөлінген. Абай қара сөздері тақырып жағынан он – он бір тақырыпқа бөлінеді.

Бесінші сөзде: «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойын шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады». Қазақтар: «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла көр» деп тілек тілегінін көзім көрді. Онысы жас баладан гөрі өзі есті болып, ескермек нәрсеге жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десең, мақалдарынан танырсың: «Түстік әмірің болса, күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, әкенде жат», «Мал адамның бауыр еті», «Малдының беті жарық, малсыздың беті - шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Аламан қолым берген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, Қайыры жоқ елден без», деген осындай сөздері есепсіз толып жатыр.

¹⁶ Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1998. №9. 8-бет.

Бұл мақалдар бір тарапты ой негізінде туған. Әйтеуір, ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып мал тапса жазалы демесек керек екен.

Қазақ мақалдарын сынай отырып, Абай дүниеқоңыздық, ұятсыздық сияқты адамдарды аздыратын қылықтардан жиренуді мақсат етеді.

Ал жетінші сөзінде: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады; біреуі – ішсем, жесем, ұйқтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса оған қызығып аузына салып, дәмін татып қарай, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса даусына ұмтылып, оннан ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «Ол немене?», «Бұл немене?» деп, «Ол неге үйтеді», «Бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық бермейді. Бұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген».

Ақын бұл қара сөздерінде дүниеге келген соң басты мақсаты оқу, жан-жағына сынай қарап, өмір мазмұнын, бар ауыртпалығын жан дүниесімен сезіну, адамгершілікті болу – адам үшін ең қажетті нәрселер деп түсіндіреді. Абай адам қуаты мен ақыл, ғылым, білім жинауына деген көзқарасын ұсынады. Ол – адам өмірінің мәні ғылым мен білімге жету дейді.

Ақынның қара сөздеріндегі бас тақырыптардың бірі – мораль, тәрбие мәселелері. Бұл тақырыпқа он екінші, жиырма жетінші, отыз алтыншы, қырық төртінші сөздер кіреді¹⁷.

Абайдың қара сөздерін оқыту, оқушыға жеткізу – тәрбие негізі. Сондықтан мұғалім алдындағы міндет – қара сөздері жайлы мәлімет беру ғана емес, ұлы ойшылдың насихат сөздеріндегі өмір тағлымдарын зерделеп түсіну қажет.

¹⁷ Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1993. №9. 65-бет.

Абай қара сөздерін оқыту бойынша Ғ.Смағұлованың (Қарағанды қаласы) іс-тәжірибесін алдарыңызға ұсынғалы отырмыз.

«Әдебиет сабағында ең басты нәрсе – текст. Яғни, Абай қара сөздеріндегі айтылатын терең философиялық ойды бала тексті меңгермесе аша алмайды. Ал, мәтінді қандай әдіспен меңгертуге болады. Күрделі текстерді дәстүрлі әдіспен оқушыға меңгерту өте қиын. Бұл ретте А.Ривин әдісі – тақырыпты барлық оқушыға меңгерту, көңілге жақын оқытудың бұл түрі – ұжымдық ойлау тәсілі деп аталады.

Мәселен, сыныпта жиырма оқушы болса екінші сөз – бір оқушыға, бесінші сөз – бір оқушыға, тағы осындай жол мен барлық оқушы (11. 17. 18. 19. 25) – жеке мәтін алады. Кейде сыныпта қанша оқушы болса сонша тақырып болуы мүмкін. Енді мәтін оқушы меңгеру үшін қалай жұмыс істейді, соған тоқталайық. Әр оқушы қолындағы өз мәтінмен жеке жұмыс істейді.

1. Мәтінді оқушының өз бетімен оқу.
2. Мәтінді абзацқа бөледі.
3. Бірінші абзацпен жұмыс
 - Оқушы қайталап оқиды.
 - Мәтіндегі түсініксіз сөздермен жұмыс, сөздік жұмысы.
 - Мәтіндегі негізгі ойды анықтау.
 - Абзацқа ат қою.
 - Мәтінге жай жоспар жасау ...

Оқушылар кейде әрқайсысы өз ойын дәлелдеп мәтінді бірігіп бірнеше қайта оқиды, қызу пікірталаста жүреді. Яғни, оқушы жаттандылыққа ұрынбай, тексті саналылықпен меңгеруге ұмтылады. Осының нәтижесінде өзге текстерді де оңай меңгеріп, өз беттерінше шешім, жауап әзірлейді.

Мұндай оқыту әдісіне, әрине, 45 м уақыт жетпейді. Ендеше, оқушы білімі мен тәжірибесін, ізденісін, жүйелі, жинақы пайдалануға тиіс. Абай тағылымының бір қыры осындай»¹⁸.

Абайдың философ ақын екендігін оның қара сөздерін «Ғақлия» атты кітабын түсіндіру әрі оқыту арқылы дәлелдеумен бірге оның сөз маржандарын қолданған жөн. Мысалы: «Ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске кез келсеңіз», «Адам дүниеге келгенде ақылды болып тумайды, естіп, көріп, оқып, ізденіп ақыл табады», «Атаның баласы болма адамның баласы бол», «Артық ғылым кітапта ерінбей оқып көруге».

Естіген нәрсені ұмытпасқа төрт түрлі себеп бар:

Бірінші – көкрегі байлаулы, берік болмақ керек.

Екінші – сол нәрсені естігенде не көргенде көңілденіп, ынтамен ұғу керек.

Үшінші – сол нәрсені ішінен қайталап, ойланып, көңілге бекіту керек.

Төртінші – кеселді ойлардан қашық болу керек» т.б. ...

Абай аудармалары да оның өмірбаянынан, шығармашылығынан дерек береді. Ақын өзінің кемелденген шағында жақсы меңгерген орыс тілінің жемісін көп пайдаланады. Крылов, Пушкин, Лермонтов, Некрасов еңбектерін құныға оқып, олардың шығармаларын қазақ тіліне аударып, туған халқының игілігіне айналдырады.

Ақын аудармаларына түпнұсқада қолданылмайтын төл сөзді кіргізеді. Төл сөзді пайдалануы оның дүниеге қазақ көзімен қарауының бір себебі сияқты. Ақын төл сөзді ауызекі түрінде қолданылады. Айтылмақ негізгі ойға абстрактілі ой сілтеме жасайды да, сол арқылы оқушысына ой тастау әдісін қолданады.

Мысалы: Абайдың М.Ю.Лермонтовтың «Утес» атты өлеңінен аудармасы («Жартас»).

¹⁸ Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1993. №9. 66-бет.

У Т Е С

Ночевала тучка золотая
На груди утеса – великана
Утром в путь она умчалась рано,
По лазури весело играя.

Но остался влажный след в морщине,
Старого утеса, одиноко.
Он стоит, задумался глубоко,
И тихонько плачет он в пустыне.

Ж А Р Т А С

Қонады бір күн жас бұлт
Жартастың төсіне думақтан.
Жөнелді ертең, қалды үміт,
Көк жүзіне ойнақтап.

Әжімді жүзі тершіген,
Кәрі жартас таң қапты.
«Бәрі осы-ау» деп қыз деген,
Тамсанып тұрып жылапты.

Өлеңде: жалғыздың сағыныш, қол жетпеген махаббат, кәріліктің мұңын шағу бар. Кәрі жартас өзінің тағдырын өзгертуге күші жетпейді, әлсіз. Оның бар күші қуанышы жастық шағымен бірге кеткен – мәңгі оралмайды.

Ақынның М.Ю.Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» өлеңінен мысал келтірелік.

Аптығып, асау інің келді, ақсақал
Тау, тасқа, адамзатқа салып жанжал.
Дем алайын деп келдім, аш қойныңды,
Сәлем – сауқат әкелдім, қош көріп ал.

Бұл өлеңде көркемдегіш құралдар мол кездеседі. Яғни бұл жерде кейіпкер құбылысы бар. Демек, мұнда асау Теректің бұлданып қолдануы, яғни жандануы көрініс тапқан ...¹⁹.

Ақын өмірбаянын оқытуда оның сазгерлігін таныту да үлкен маңызға ие. Поэзиямен тікелей қарым-қатынасқа түсетін музыка өнері поэтикалық бейнелерді кемелдендіріп, шығарма мазмұнын тереңдетуге болады. Әдебиетпен үндескен музыка оқушылардың бейнелерді сезіну, ойлау қабілетін туғызады. Қазақ өлеңінен Абай жанына демеу болар өзгеше үн таниды. Қазақ әнінен де, күйінен де мұндастық – сырластық іздейді. Ән үйлесімділігімен, көркемдігімен тыңдаушыға ой салар көңіл өрнегі.

Абайдың ән шығармашылығы ақынның сазгерлік талабының сан қырларын көрсетеді. Абай әндері махаббат, сезімге бай әндерді де, кеменгерлік ойшыл – пәлсапалық үлгі, өнегелік мәні бар әндерді де кездестіреміз.

Ақынның шығармалары өзге халық композиторларынан дараланып тұрады. Ақындық өнерінде қазақ поэзиясын түр саласында байыта түскені сияқты, ән саласына да бір қанша өзгерістер енгізді.

Абайдың «Айттым сәлем, қаламқас», «Көзімнің қарасы» әндері – қазақтың халық сазгерлік өнеріндегі шоқтығы биік туындылар. Бұлар халық сазгерлік өнеріндегі шоқтығы биік туындылар. Бұлар жаңа әуен – ырғақ, ұлттық үнге бөлеп, қазақ әндерін байыта түседі.

«Көзімнің қарасы» әні Абай өміріндегі үлкен сезімнің белгісі іспеттес ғашық болған Тоғжанға тағдыр қоспағанымен, Абайдың Тоғжанға деген аяулы сезімі жүрегінің мәңгілік әлдилеп өтер әніндей болып кеткен. Ақынның сол сезімін жалғастырып келеміз. Абай ауданында Ақтаяқ Бікіқызы дейтін қарт ана болған. Ол кісі – Абай әндерін бірінші рет көшіріп жазған Мүсірейіттің туған қарындасы. Кезінде Ақтаяқ әжемізден Мұхтар Әуезов Абай жөнінде көп мәлімет алған. Бірге түскен суреті де бар. Сол

¹⁹ Қазақ тілі және әдебиеті. Алматы, 1993. №9. 5-7-беттер.

Ақтаяқ әжеміздің айтуынша Абайдың «Көзімнің қарасы» әні Әйгерімге деген сезім айғағындай айтылып отырған. Абай қазақтың халық музыкасында кездесетін терме, желдірме сипаттас сөйлеу тіліне жақын тіл табады. «Желсіз түнде жарық ай» әнін тыңдағанымызда, осы әннің мелодиясы мен сөзі бір тұтас көркемдік әлем жасап, табиғаттың ғажайып бір суретін көз алдына әкеледі. Жаздың желсіз тұнық түніндегі бұлтсыз айлы көкшіл аспанды, ай астындағы айнадай мөлдір өзенді, өзен бетіндегі діріл қаққан ай суретін аулақта табысқан екі жастың сезімін, ұйқы құшағындағы ауылдың сырт көрінісін көргендей боламыз.

Абай әндерінің мелодикасы, ырғағы, формасы өзіне дейінгі қазақ әндеріне ұқсамайды. Оның әндерінің ерекше болуы оның поэзиясының түрі мен мазмұнындағы жаңа сапамен байланысты. Абай әндері ел ішіне ауызша тарағанмен, көзі тірісінде өз бақлауы мен нотаға түспеген. Абай әндерінің ең алғаш нотаға түсуі 1919-1923 жылдар аралығында. Сол жылдары этнограф А.З.Бимбоэс «Сегіз аяқты», «Татьянаның хатын» нотаға түсіреді де, 1926 жылы Ленинградтан шыққан «Музыкалы этнография» деген жинаққа кіргізеді.

1959 жылы Абайдың немересі Мәкен апамыздың айтуында, Абайдың 16 әні нотаға түседі. Абай әндері варианттарында скрипка ықпалы бар²⁰.

АБАЙДЫҢ МУЗЫКАҒА ТҮСІРІЛГЕН ӨЛЕҢДЕРІ

1. «Айттым сәлем, қаламқас» (жігіт сөзі).
2. «Амал жоқ – қайттым білдірмей» (қыз сөзі).
3. «Ата-анаға көз қуаныш».
4. «Бойы бұлғаң».
5. «Бүркіт пен қарға».
6. «Біреуден біреу артылса».
7. «Ғылым таппай мақтанба».

²⁰ Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1993. №9. 64-бет.

8. «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да».
9. «Желсіз түнде жарық ай».
10. «Жігіт сөзі» Қараңыз: «Айттым сәлем, Қаламқас».
11. «Көзімнің қарасы».
12. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы».
13. «Қалқам – ай, мен үндемей жүремін көп».
14. «Қараңғы түнде тау қалғып».
15. «Қарашада өмір тұр».
16. «Қор болды жаным».
17. «Құйжылжыр көңіл құсы шартарапқа».
18. «Құлақтан кіріп бойды алар».
19. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын».
20. «Мен сәлем жазамын».
21. «Онегиннің Татьянаға жауабы». Таң ғажайып бұл қалай хат.
22. Онегиннің Татьянаға жазған хаты.
23. «Өзгеге көңлім тоярсың».
24. «Өлсе өлер табиғат».
25. «Өлсем орным қара жер».
26. «Сегіз аяқ» (бірінші түрі).
27. «Сегіз аяқ» (екінші түрі).
28. «Сен мені не етерсің?».
29. «Сүйсіне алмадым».
30. «Сұрғылт тұман».
31. «Таң ғажайып бұл қалай хат».
32. Татьяна сөзі (Тәңір қосқан жар едің сен).
33. «Ішім өлген сыртым сау».
34. Татьянаның Онегінге жазған хаты. Қараңыз: «Амал жоқ қайттым білдірмей»²¹.

²¹ Абай Құнанбаев. Библиография көрсеткіші. Алматы, 1965. 160-бет.

Демек, Абайдың 34 өлеңіне музыка жазылған (аудармасын қосқанда). Сонымен бірге, Абай атамыз күй де шығарған олар «Торжорға», «Май түні», «Абайдың желдірмесі». Ақынның әндерін кеңес дәуірінде жинаушылар: Элвин Бимбоэс «Қазақтың 25 әні», А.В.Затаевич «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 500 ән-күйі», Л.Хамеди, Б.Ерзакович «Абай өлеңдері» 2-томына енген әндері, Е.Брусиловский, А.Жұбанов, Д.Мацуцин «Абайдың музыкалық творчествосы», Мұқтар Әуезов т.б. Ал Абай әндерін насихаттап жүрген әншілер (халық әртістері: Ғ.Абдуллин, Е.Серкебаев, Р.Жаманова, Б.Төлегенова, Ә.Діншев, М.Ержанов, Б.Досымжанов т.б.)²². Сонымен, Абай – нәзік сазгер де болған.

Ақынның бүкіл шығармаларын – өлеңдерін, поэмаларын, қара сөздерін, шешендік сөздерін, аудармаларын, әндерін, күйлерін талдау арқылы оның өмірбаянына, өмір жолына тереңірек үңілдік. Оның шығармалары оқушыны жан-жақты ойлануға, еңбек етуге үйретеді.

Ақын шығармалары автор көзқарасынан, өмір жолынан дерек береді. Абай шығармаларына талдау жұмысын жүргізгенде сөздік үлкен маңызға ие. Себебі, Абай шығармалары тақырыптары алуан түрлі. Мысалы: «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі аңшылық жайлы. Демек, мәтіндегі түсініксіз сөздерге сөздік жұмысын жүргізу жақсы нәтиже беретіні сөзсіз.


²² Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1993. №9. 12-13-беттер.

2. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ҚАРАСӨЗДЕРІН ОҚИТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Абай – өз халқының мәдениеті мен әлеуметтік ой-пікірінің асқар шыңы. Ол қалдырған мұра біздің егеменді еліміздің болашағы жастарды тәрбиелеуде сарқылмас қазына, рухани байлық болып табылады.

Мектеп табалдырығында оқып жүрген әрбір оқушы Абай шығармашылығымен сусындап, даналық ойларын бойына сіңіріп өседі. Ұлы данамыздың асыл сөздерін, мағынасы терең ойларын оқушы санасына жеткізіп, оны ұғындыру үшін әрбір ұстаз сабақты түрлендіру жолдарын іздейді. Бүгінгі таңда жаңа буын оқулықтары, жаңа бағдарламалар, әдістемелік құралдар шығарылып, оқытудың жаңа технология элементтері көптеп ене бастады. Шебер ұстаз әдіс-тәсілдері өзі сұрыптап, елеп-екшеп сабағына тиімдісін пайдалана алады.

Абай қарасөздерін оқыту арқылы егеменді еліміздің сөз құдіретін түсіне білуі, мәдениетті сөйлей алуы, ұрпақ жүрегіне адамгершілік дәнін егуді мақсат етеді. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасында оқытудың жаңа технология элементтерін кеңінен пайдаланып келеді. Соның үлгісі ретінде «Ой қозғау» стратегиясы арқылы топтастыру жұмыстары жүргізіліп, өткен сабақ қайталанып, Абайдың прозашы екені түсіндіріледі.



Төмендегідей сұрақтар қоя отырып, оқушылардың өзіндік жауабы тыңдалады.


1. Абайды неліктен прозашы дейміз?

(себебі өмір жайлы, заман жайлы озық ойлар айтқан, көлемі аз, мағынасы терең, мазмұны мол қарасөздер жазған философ).

2. Абайдың қарасөз жазуына себеп болған жайларын ұнтаспадан тыңдау.

(Ақыры, ойладым, осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ).

3. Абай жазған қарасөздер қандай тақырыптарды қамтыды деген сұраққа төмендегідей топтастыру жұмысы жүргізілді.



Кодоскоптан 31-сөзін оқыта отырып төмендегідей сұрақтар арқылы оқушылармен ой толғау жүргізіледі.

1. Адам естігенін есінде қалай сақтай алады?

2. Жағымсыз әрекеттерді қалай саралап берді?

3. Жаман әдеттерге нені қосар едіңдер? (СПИД, есірткі, маскүнемдік, темекі)

4. Осы ойды тұжырымдайтын қандай мақал-мәтел білесіңдер?

(Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, т.б.)

Мағынаны ажырату бөлімі бойынша 17-сөзді ролдерге бөліп оқыта отырып, бірнеше сұрақтар арқылы бүгінгі өмірмен байланыстырылады.

1. Бар билікті неге жүрекке береді?

2. Ақылға билік берсек, өміріміз жақсы болмай ма?

3. Қайраттылық та керек қой, оған неге билік бермеді деп ойлайсың?

4. Ұлы Абай төрелікті неге ғылымға айтқызды?

5. Бүгінде осылардың қайсысы билесе дұрыс болар еді деп ойлайсың?

Бұл сұрақтарға жауап беріп, оқушылар: «Тарихтан белгілі Ескендір, Наполеон, Ақсақ Темір – бәрі де өте ақылды адамдар, бірақ ақылын қайратқа билетті емес пе? Олай болса, бар билікті жүрекке берген ғылым төрелігіне біз де қосыламыз» деп түйіндеді. Оқушылардың есте сақтау қабілетін, әр сөздің мағынасын түсіне біліп, одан ой қорытындысын шығара алуға үйрету мақсатында 11, 37, 19, 38 – сөздері төмендегі сұрақтар арқылы талданады.

а) Қандай тақырыптарда ой қозғады?

ә) Қандай философиялық ой айтты?

б) Өздерің қандай үлгі алдыңдар?

Осыдан кейін «Ой түйіндеу» стратегиясы бойынша берілген қарасөзді оқып, ойды дәл, көркем сөзбен түйіндеп айту тапсырылды. «... Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселер мен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық» деген сөзін оқып, оқушы мынадай ой түйді: «Шынында да, түрінің әсемдігінен, бағалы киінгенінен, байлығынан не пайда, ештеңенің парқын білмесе, ақылсыз болса...» деген тұжырымға келеді. Бұл әдіс оқушылардың сөзді орынды пайдалануына және шешендікке үйренуіне өте тиімді болады. Оқушы өлеңдер мен қарасөздерді салыстырып, ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айырып өз бетімен мәтінді саралап ізденуін Венн диаграммасы бойынша сипаттайды.

Абай өлеңдері

Поэзия тілімен жазылды. оқу, білімге, ғылымға үйренуге шақырды. Бес асыл істі саралап, жаман әдеттерді сынады.

Ұқсастығы

Шенге, малға құмартушылықты әшкереледі. Адамгершілікке, ерінбей еңбек етуге, адал, шыншыл болуға тәрбиелейді. Бала тәрбиесіне көңіл бөлді.

Абай қарасөздері

Публицистикалық стильде жазылған, өсиет нақыл, ақыл беретін даналық ойлар тұжырымды афоризмдерді жазады.

«Ой толғау» стратегиясын Абайдың: «Өстіп жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді-біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар...» деген 24-сөзінде: Бүгінгі күні Абай сөзі асты ма? Және тәуелсіздік алғаннан бері қарай еліміз қандай жетістіктерге жетті? Деген сұрақтар беріліп, жан-жақты шығармашылық жұмыстар жүргізіледі.

Абайша ой толғап, қорытынды жасауға бір оқушы шығарылады. Сөйтіп алған білімдерін жинақтап, өткен сабақ бойынша алған әсерлерін айта отырып, сабақты қорытындылайды.

Бұл сабақтың төмендегідей нәтижесі оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына әсерін тигізеді.

Оқушы Абай қарасөздерін оқып, талдап, жатқа айтып, түрлі проблемалық сұрақтарға жауап беріп, шығармашылық жұмыстар жасай отырып, өздеріне ғылыми-теориялық білім жинақтады, шешендікке, өз бетімен тұжырым жасап, ой қорытуға, қосымша ізденуге үйренеді. Сабаққа деген белсенділігі мен қызығушылығы арта түседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Өмірінің соңында «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп өлең жазған және қара сөздеріне дін мен иман туралы бірнеше ғақлия арнаған Абайды рухани шоқындырудың еш қисыны жоқ болатын. Сондай-ақ, Семей қаласындағы діни айтыстар да Абайға мәлім еді. Шіркеудің тақуаларымен Абайдың өзі де бірнеше рет айтысқа түсті. Елінің ертеңін ойлаған жан үшін осы құжаттың өзі де жүрегінің басына у құюға жетіп жатыр еді.

Заманның ашкөз пиғылын байқаған Абай сондықтан да «ызалы күлкімен» ащы зарын төгіп, сол басыбайлыққа қарсы шықты. Сол кездегі билікке, салтқа, заңға қарсы шығудың өзі Абайдың рухани тәуелсіздікке ұмтылғанын байқатады.

Бас басыңа би болған өңкей қиқым,

Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын.

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың, – демес еді.

Бұл арадағы Абайдың «Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың» – деп отырғаны– рухани тәуелділік. Яғни, басыбайлы бодандық, ырық, жігер, қайрат, билік, заң, мұқым ел –жатқа, жаттың ырқына тәуелді. Өйткені қанша ұмтылсаң да сенің еңбегің еш болмақ. Яғни:

Басың дауға, малың жауға – кетеді.

Сондықтан да: Қор қылма, татулас, – дейді Абай.

Неге басың дауға түседі? Малың неге жауға кетеді? Кім осының бәрін арандатып отырған? Неліктен Ұлттық татулыққа шақырады?

Астарына үнілсеңіз Абай өзінің елін азаматтық заңға мойынсұнбауға үндеп отыр. Себебі: әділ заң жоқ, дұрыс экономикалық жүйе жоқ. Тек қана сені қанау бар және ешқашанда әділдік тілеп ақиқатқа жетпейсің, өйткені:

Өтірік, ұрлық,

Үкімет зорлық,

Құрысын көзің ашылмас, –деп ойын одан әрі сабақтайды Абай.

Демек, мұқым елді тығырыққа тіреп, «ырқын алған» зорлықшыл күш – жахил мемлекет болды ғой. Ал Абайдың тұсында қос үкімет жоқ, жалғыз-ақ патша ағзамның дәргейі жүріп тұрған. Абай сол ағзамды «зорлықшыл үкімет» деп бағалап отыр. Ойын дәл осылай ашық айтқан орыс ойшылдарының біразы итжекенге айдалды.

Абай биліктің жағдаятын және оның баптарын жасқы білген. Өзі де заң шығаруға қатысқан. Ол дербес әңгіме. Дәл қазір биліктің басыбайлы тобырлық психологиясы жацында пікір қозғалып отыр ғой. Абай хандықты неге жақтады? Себебі: 1822 жылғы заң бойынша хандық билік жойылды. Бұл қазақ мемлекеті жойылды деген сөз.

Кез-келген ұлы тұлғалар іспетті Абай да өзінің өмірін құсалықпен аяқтады. Оның ғұмыр кешкен жағдайында бұдан өзге өмір сыбағасын күту де заман табиғатына жат еді. Ұлтының отаршылдық құрсауында рухани тұншығуын жан-тәнімен сезінген қазақтарды жаппай күштеп шоқындыру, жалалау жасақтарын жіберіп қырып тастап, даланы көшпелілерден тазарту, жазуларын өшіріп, тарихын ұмыттыру туралы патшаның құпия жарлықтарын Абай оқыған. Сол хатты іздестіріп үйіне тінту жүргізген.

Бітіру жұмысымызды қорытындылай келе қазіргі кезең – халыққа білім беру жүйесін кемелдендіру үстінде сәтті де, қызу да жұмыс жүргізіп жатырған дәуір. Педагогикалық технология – өтілмек сабақта, тақырып

материалын сол өтілетін күні түсіндіріп, оқушыларымен бірге шашу басты мақсат болмақ. Бітіру мамандық жұмысының кіріспесінде бұған арнайы тоқтадық. Жұмысты жазу кезінде бұрынғы және қазіргі кездегі ірі методистертің әдіскерлік еңбектеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетінің көшбасшыларының бірі, қазақ жазба әдебиетінің атасы ұлы Абайға қатысты, оның шығармашылығына қатысты материалдарды көтердік. Ақын-жазушылардың өмірбаянын оқытуда қолданылатын әдістерді ортаға шығардық. Абай шығармаларын өту кезінде ақын өмірінен хабарлама мәлімет бергенімізде ақынның сол шығарманы қандай жағдайда жазғанын, сол шығарма арқылы ой-сезімін дәл бергенін көрсеттік. Бірақ соны айтуымыз керек, Абай бұрын да көп зерттелген, сіздің жаңалығыңыз неде, қандай үлес қостыңыз деушілер де табылады.

Әрине, біз әдебиеттану тұрғысынан жазсақ онда оны айтуға болар еді. Біздің жұмысымыз әдіскерлік тұрғысынан баяндалғандықтан Абайды зерттеген материалды қандай жағдайда да, қайтіп түсіндіруге болады, оқушыға ұғындыру жағын қайтіп қарастыруға болады, деген сұрақтарға методистердің түсіндіруіндегі еңбектерді және қазіргі педагогикалық технология талабына сай мүмкіндігімізше дұрыс жазуға тырыстық.

Екінші тарауда да ақын өлеңдерін талдау кезінде автордың өмірбаянын сөздер арқылы және оны зерттегендердің көркем шығармасынан материалдарды бердік. Сөйтіп, бұл тарауда Абай қарасөздерін жаңа педтехнология негізінде мектепте оқыту жолдарына тоқтадық. Екі тарау да бір-біріне жуық, бірін-бірі толықтырады, сөйтіп негізгі нысаналы ойымызды айқындайды.

Абайды жазу арқылы алған, жазылған тың деректерді де қостық дей тұрсақ та айтуға тура келетін тағы бір нәрсе бар, ол ақын жазушының өмірбаянын өтуде оның шығармаларын, талдау деректерін мол қамтыдық. Себебі, авторды әр қырынан түсіндіру ниетінде еліміз тәуелсіздікке жеткен

шағында Абайдай ұлы тұлғаның ұлттық идеямызға үлес қосқандығын дәлелдеу мақсатында жоғарыда келтірілген пікірімізді ретті пайдаландым деп ойлаймын.

Президентіміздің рухи-ағартушылықтың өз-ара байланыстылығы негізінде білдірген төмендегі пікірлері маңызды ғылыми теориялық бағдар болады: «Істеп жатқан істеріміз болашақ ұрпақ үшін қызмет етуі сөзсіз. Бүгін қандай ағаш ексек, ертең сондай жеміс аламыз. Жас ұрпақты ел-жұртқа, Отанға берілген иманжүзді, мәрт батыр, жоғары білімді, рухи жақтан бай адамдар етіп тәрбиелеуде тәлім ошақтарының маңызы зор».

Қорыта айтқанда, білім беру саласындағы өзгерістер, соның ішінде педагогикалық технология мәселесі уақытпен дамып, жетілісетін беталыс болып есептеледі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мирзиёев Ш. Танқидий таҳлил, қатъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалик қондаси бўлиши керак. – Тошкент: Ўзбекистон, 2017. – 47 б
2. «Халқ таълими» журналі. Тошкент. 1999 ж № 1
3. «Абай Құнанбаев» библиографиялық көрсеткіш. Алматы. 1995 ж. 160
4. Абдреймова Т. Қазақ тілін проблемалы оқытудың тиімді жолдары Н.2009.
5. Аққұлұлы Сұлтанқұл. «Әлихан Бөкейханов». Жұлдыз журналы.1996. №1.
6. Алматы университетінің 75 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық және әдістемелік конференция материалдары жинағы. А. 2003.
7. Дүйсенбаев Ысқақ. «Ғасырлар сыры» 1992.
8. Елеуқенов Шерияздан. «Абай және Мағжан». Жұлдыз журналы. 1993 ж №5
9. Елеуқенов Шерияздан. Жұлдыз журналы. 1995 ж №3
10. Жалелова Г. «Көркемдік әлемінде». Жұлдыз журналы. 1996ж . №1
11. «Жұлдыз» журналы. 1993 ж № 1
12. «Жұлдыз» журналы. «Абай мен Бөгеш». 1994 ж
13. «Жұлдыз» журналы. 1995 ж № 9
14. Жұмашев Қ. «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті». Алматы. 1997 ж.
15. Көшімбаев Атымтай. «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы». Алматы.1990
16. Қабдолов Зейнолла. «Сөз өнері». Алматы. 2002 ж
17. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 1993 ж. № 9
18. Құдырова Ш. Қазіргі қазақ тілін оқытуда жаңа технологияның тиімділігі. Нөкіс. 2009
19. Нұранов Қ. «Қазақ тілі мен әдебиеті». 1994 ж. № 2
20. Сейданов Қ. Қазақ әдебиеті тарихы. 2008
21. www Ziyo net
22. [http: // www // uraini // ru](http://www//uraini//ru)